



Жас өркен Қостанай

Журнал 2003 жылғы 28 қаңтардан шыға бастады



4(83) тамыз-шілде, 2016 жыл

ҚР Тәуелсіздігіне – 25 жыл

Ақжолтай

Орта екпінде

22.09.2015. (ШМБ)

**сөзін жазған Ақылбек Шаяхмет
өнін шығарған Шәміл Әбілтай**

Азаттықтың атқан шақта нұр-таңы,
Туған елім тебіреніп тұр тағы.
Көтергендей Абылайдың ақ туын,
Тәуелсіздік жырын бүгін шырқады.
Еркін құстың қанатын кім қырқады?!
А-а-а! Ақжолтай!
Тегі түрік, қаны қазақ қашаннан,
Алаш атын ұран қылған ұрпағы.

Тапқан бағын атамекен-қоңыстан,
Тар жол, тайғақ кешулерде табысқан,
Жауға қарсы жұдырықтай жұмылып,
Ерлер өткен арыстандай алысқан,

Жүректері жаралғандай намыстан,
А-а-а! Ақжолтай!
Жетелейді келешектің шыңына
Солар жаққан үміт оты алыстан.

Тіршіліктің болса тоқсан тарауы,
Жақсы ырым гой жақсылыққа ба-
лауы,
Шайқалмасын Қыдыр қонған
шаңырақ,
Құт дарытсын бар халықтың қалауы,
Жарқырасын еркіндіктің алауы,
А-а-а! Ақжолтай!
Жүрек күндей, тілек бірдей.
Иншалла!
Жығылмасын Тәуелсіздік жалауы!

МЕНШІК ИЕСІ:

Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті.
Ректор Хұсайын УӘЛИЕВ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға
Кенжеғали САҒАДИЕВ
Орынбай ТАҒАЕВ
Төлен ӘБДІКОВ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор
Ақылбек ШАЯХМЕТ
8(705) 650-65-51
шығарушы редактор
Қымбат ДОСЖАНОВА
8(702) 514-14-03
менеджер-дизайнер
Жадра ЖҮЛМУХАМЕТОВА
Журнал ҚР Мәдениет,
ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде
2002 жылы
18 қарашада тіркеліп,
№3386-Ж куәлігі берілген.
Екі айда бір рет шығады.
Редакцияға келіп түскен
хаттар әдеби өңделді,
қысқартылады,
ойы сақталып түзетіледі.
Көлемі үш компьютерлік
беттен асқан материалдар
қабылданбайды.

«Жас өркен - Қостанай»
- жастар саясаты туралы
материалдар жариялау,
жарнама және қазақстандық
патриотизм идеясын
насихаттау бағытындағы
журнал.

Теория мен тәжірибе ұштасқанда

Мамандықты игерудің басты шыңы, әрине оқу практикасы. А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ мен РФ УОМТУ арасында практика өткізу жөнінде келісімшартқа қол қойылған. Студенттер кәсіби практика арқылы өз мамандықтарына деген қызығушылықтары арта түседі. Осындай үрдіс арқасында ҚМУ – дың аграрлық – биология факультетінің «Биология және химия» кафедрасының 1 – 3 курс студенттері оқу практикасын Ресейдің Екатеринбург қаласында орналасқан Урал Мемлекеттік Орман – техникалық университетінде өткізді.

Алғашқы күні студенттер Урал мемлекеттік орман – техникалық университетінің факультеттері мен кафедраларымен танысты. Ол жақта оқу практикасының жетекшісі болып, «ландшафты дизайн» кафедрасының доценті, биология ғылымдарының кандидаты Фролова Т.И тағайындалды. Бұл университеттің 85 жылдық тарихы бар. Осы жылдардың ішінде, бұл университет талай орман шаруашылығы мен экология ғылымдарының мамандарын даярлап шықты. Бұл университетті бітірген студенттер Ресейдің және алыс – жақын шетелдердің жетекші кәсіпорындары мен ЖОО еңбек етуде. Сонымен қатар, университет Қазақстан, Чехия, Франция, Швеция Германия, Қытай мемлекеттерінің ЖОО оқыту бойынша меморандумға қол қойылған.

Практика кезінде Біз УМОТУ – дың мұражайымен таныстық. РФ Су Шаруашылығы Ғылыми-Зерттеу Институтында болдық. Бізді сол мекеменің меңгерушісі Юлия Владимировна қарсы алып, институтпен жақын таныстырды. 8 этажға көтеріліп су шаруашылығы лабораторияларына саяхат жасадық. Кейін профессор А.Н.Поповтың лекциясын тыңдадық. Оның лекциясы РФ Урал маңындағы өзендер мен көлдер, олардың экологиялық жағдайы туралы болды. Гидроэкологиялық машиналармен танысып, судың тазартылуы әдіс-



тәсілдерін өз көзімізбен көрдік. Суды зерттеу кезінде көбінесе суға моллюскалар жіберіледі екен. Егер оларға су жетпей қалғандай жағдай туындаса немесе су ластанған жағдайда машина дабыл береді. Бұл институттың да жеке мұражайы бар. РФ картасындағы минералды сулардың түрлері қай жерде құялатыны картада нақты сандармен белгіленген. Естелікке суретке түстік.

Содан кейін Т.Ивановнамен бірге дендропаркке бардық. Ол жердің жергілікті өсімдіктері және ағаштарымен таныстық. Бұл дендропаркте Қазақстанда өспейтін, сирек кездесетін ағаштар мен өсімдіктер, дәрілік өсімдіктермен жақыннан танысып, білдік.

Оқытушы-профессорлық құраммен естелік суретке түстік.

Келесі күні Л.И.Вигоров атындағы саябақта болдық. Университетте Ресейдегі жалғыз дәрілік өсімдіктер өсіретін бақ. Бұл бақтың негізін қалаған профессор Леонид Иванович Вигоров. Біз саябақта өсетін алма тұқымдастарың, боярышник, калина тұқымдастарымен таныстық. Ол жерде дәрілік өсімдіктер жылыжайда бөлек өсіріледі екен. Ландшафты дизайн компьютерлік графикамен жасалынады. Университет ішінде ландшафты дизайнға байланысты конкурстар жиі өткізіліп тұрады. Екатеринбург қаласына бара қалсаңыз, осы баққа бас сұғып кеткеніңіз абзал.

Сонымен қатар, Ресей орман шаруашылық саябағына бардық. Ол жерде біз гербарий

жинадық. Сол жердің жергілікті өсімдіктерімен таныстық. «Озеро» деген жерде болдық. Сол жердегі үш өзенмен танысып, олардың экологиялық жағдайын зерттеуге оларға 0 – 5 баллдық жүйемен баға бердік.

Әсіресе, Ботанакалық саябақтан көп әсер алдық. Көбінесе ботаникалық саябақта эксперимент ретінде әр түрлі өсімдіктер мен ағаштар отырғызылып, зерттеледі. Кейіннен бұл өсімдіктер жерісініп, өсіп кетсе, Ресейдің басқа жерлеріне жіберіледі.

Кешкі уақытта біздермен жеке бөлінген волонтерлар жұмыс істеді. Олар біздерді қаланың көрнекі жерлерімен таныстырды. Бізге әсіресе, «Маяковский атындағы саябақ», «Бизнес центр Высоцкий», «Гринвич ойын – сауық сауда орталығы», «1905 жылғы площадь», «Метро», «Плотинка көпірі», «Орыс драма театры, «Салют кинотеатры», «Вайнер көшесі» сияқтылар ұнады.

Екатеринбургтегі «Урал мемлекеттік орман – техникалық университетінде» өткен практикадан көп әсер алдық. Өз мамандығымыздың қыр-сырын аша білдік. Студенттер дән риза болды. Бұл - болашақ биологтар мен экологтар Қазақстан табиғатының нағыз жанашырлары болады және Қазақстанның биология мен экология ғылымдарының дамуына өз үлестерін қосады деген ойдамын.

Ал, бір аптадан соң Урал мемлекеттік орман – техникалық университетінің студенттері оқу практикасын ҚМУ-дың аграрлық-биология факультетінде жалғастырды. Студенттерді Қостанай мемлекеттік университетінің АБФ деканаты мен студенттері жақсы қарсы алды. Олар өз практикаларын қаланың ірі кәсіпорындарында өткізді. Біздің қаланың саф таза ауасы мен тазалығына, қонақжайлылығына қатты сүйсінді. Ал, қоштасу күні Сымбат, Құралай, Дана, Бауыржан, Тамерлан және Алишер жаңа достары үшін қазақтың қонақжайлылығын көрсетіп, дастархан жайды. Бұл дастарханнан «қазақша ет» пен мамыр айының салқын қымызы, құрт пен майы, сары бауырсағы өз орындарын алды. Екі елдің студенттер арасында үлкен достық пайда болды. Студенттер бірін – бірі



қимай қоштасты. Қазір олар бір – бірімен әлеуметтік желі арқылы байланысып тұрады.

Елбасы білім мен ғылымды алға қояды. Білімді жастар - Қазақстанның болашағы. Елбасының салиқалы саясатының арқасында Қазақстан білімі жоғары деңгейде, Шет мемлекеттермен байланыс орнатылған. Біздің университет Қазақстанның алдыңғы қатарлы он үздік университеттің ішінде. Студенттерге білім алу үшін, университетте барлық жағдай жасалған. Мен өз университетімді мақтан тұтамын!

Сымбат БАЙДІЛДИНА,
АБФ биология мамандығының 1-курс
студенті.

Қайсар қазақ



Тәубеңе кел, пенде болсаң есі бар,

Сабырсыздар қадірсіз боп тосылар.

Дүниеге қолың жетпей қалғанда,

Қос қолы жоқ пенделерді есіңе ал, - деген өлең шумақтары бекерден-бекер айтылмаған. Бірақ, басқа түскен қиындықтарға қарамастан, мойымай еңбек ететін қайсар адамдар жетерлік. Сондай үлгі болар жандардың бірі – Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің информатика және математика кафедрасының аға оқытушысы Бахтияр Жарылқасов.

- Басына іс түсіп, қиындыққа тап болса морт сынатын адамдар бар.

Сіз сондай жандарға үлгі бола білдіңіз. Бейнет айтып келмейді. Десек те, мынадай жағдайға қалай тап болдыңыз?

- Мен кішкентай кезімнен гемофилиямен ауырдым. Ол ұдайы қан ағып, тоқтатуы қиынға соғатын тұқым қуалайтын ауру. Бала кезімде түрлі жарақаттар алдым. Содан ауруханаға түсіп, жарты жыл жатып шықтым. Маған тамырың асқынған, ол енді сүйекке де өз әсерін тигізеді деді. Сөйтіп, мектепті бітірген соң, 2004 жылы сол жақ қолымды кесіп тастады. Небәрі 18 жасымда осындай қиын кезеңді бастан өткердім. Қазір бәрін де оң қолмен істеуге үйреніп кеттім.

- Туып өскен жеріңіз туралы бір ауыз сөз.

- Мен 1986 жылы 11 қарашада Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қарабалық ауылында дүниеге келдім. Ауылдағы №2 Абай Құнанбаев атындағы орта мектепте білім алдым. Кейін,

мектепті бітірген соң, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне есептеу техникасы және бағдарламамен мамандығына оқуға түстім. Одан кейін білімімді жоғарылату мақсатында информатика мамандығы бойынша магистратураға тапсырып, осында жұмысқа қалдым.

2009 жылдан бастап инженер-программист болып жұмыс істесем, 2011 жылы ұстаздық қызметке ауыстым. Қазір осы білім ошағында қызмет етіп жатқаным 7 жылдай уақыт болды. Екатеринбург қаласында мамандығым бойынша сырттай аспирантурада білім алудамын. Таяу уақытта кандидаттық диссертация қорғаймын.

- Неліктен бағдарламашы (программист) мамандығын таңдадыңыз?

- Мектепте жаратылыстану пәндерін оқығанда

ұнаттым. Физика-математика маманы немесе дәрігер боламын деп армандайтынмын. Дәрігерліктен ойым өзгеріп, физика-математика жағына қарай ығыстым. Кейін осы пәндер оқытылатын мамандықтарды іздестіргеннен соң бағдарламашы болуға шешім қабылдадым. Кәсібімді тереңінен игере келе, қызығушылығым арта түсті. Өз білгенімді студенттеріме үйрету де ұнайды. «Ұстаздан шәкірт озар» деп берек айтылмаса керек. Программаны меннен артық меңгерген студенттерім бар. Мен оларды мақтан тұтамын.

- Отбасыңыз жөнінде айта өтсеңіз.

- Жанұямда ата-анам, мен және үлкен екі әпкем бар. Олар қазір тұрмысқа шыққан. Басқа қалада тұрады. Мен Қостанайда әке-шешеммен бірге тұрамын.

- Сіздің өмірлік мақсатыңыз қандай?

- Жер бетінде барлық адамның өз арман-мақсаттары болады. Бірі

жақсы қызметке орналасуды көздесе, бірі отбасылы болуды мақсат тұтады. Менде де ондай арман-тілек, мақсат жетерлік. Өз қатарымнан қалғым келмейді. Қай жағынан болмасын үнемі бірінші орында болуға ұмтылатынмын, әлі де солай. Бірақ, менің ең үлкен мақсатым – адам болып өмірге келген соң, адам болып өту. Қандай жағдайда да адамгершілігімізді жоғалтпай, жан-жағымыздағы жандарға мейірімімізді төге білсек, мақсатымыздың кішкене де болса орындалғаны болмақ.

- Бос уақытыңызда немен айналысасыз? Хоббиіңіз қандай?

- Балабақшаға барып жүрген кездімде қосымша музыкалық мектепте фортепиано үйренетінмін. Сол кезден-ақ музыкаға қызықтым. Жоғары сыныпқа ауысқанымда домбыраға деген қызығушылығым оянды. Ал қазір бос уақытымда шахмат, тоғызқұмалақ ойнаймын. Университет ұстаздары арасындағы тоғызқұмалақ, шахмат

сайыстарынан жеткен жетістіктерім бар.

- «Досы көпті жау алмайды» дейді қазақ. Достарыңыз көп пе?

- Сыныптастарыммен, курстастарыммен араласып тұрамын. Бірге жұмыс істеп, қазір өзге қызметке ауысқан әріптестерімнің арасында да достарым жетерлік. Қолымыз қалт ете қалса, бір жерге жиналып, бас қосамыз.

- Бала кезіңізде бастан кешкен қызықты оқиғалар есіңізде ме?

- Мектепте оқып жүргенде Қарабалық ауылында концерт өтетін болды. Мен сонда оркестрде домбырада ойнадым. Бірақ, бәрі біз ойлағандай болмай шықты. Концерттік номерлер жетіспей, мен соның орнын толтыру үшін бірнеше рет домбырамен күй тарттым. Бұл бір күтепген жағдай болды, сонысымен есте қалды.

Ақбота САҚҰЛОВА,
ГӘФ журналистика
мамандығының 4 курс
студенті.

Сезімі мен сөзіне ғана сүйенген

Бұл сонау 1966-шы жыл еді-ау. Мен онда Жанкелдин ауданына қарасты «Қызыл әскер» кеңшарындағы Жанкелдин атындағы орта мектептің 9 сынып оқушысы едім. Сөз өнері бұлағынан қанып ішуді қатты армандап, шөлдеп жүрген кезім. Жанкелдин аудандық «Жаңа өмір» газетіне ауыл тірлігінен жазған мақалаларым, кейде балауса жырларым жарияланып тұратын болғандықтан, әкем Оразбайдың зоотехник оқуына барғаның дұрыс шығар деген сөзіне онша мән бермей, журналистік дәріс алуға біржола бекініп іштей әзірлік жасаған, жалын, отқа шарпылған шадыман сәтті мезгіл. Сол кезеңдегі жас ақын Қадыр Мырзалиевтың «Дала дидары» деп аталатын жыр жинағындағы туындылардың алпыс пайызын аңыратып жатқа оқитынмын. Поэзия, өлең-сөз десе елең ете түсемін. Жалған дүниеде жоқ қаламгерлердің рухани қазыналарын қадірлеп, кітаптарына кіл үңілемін. Ал, өмірде бар ақын-жазушылардың өздерін көріп, қатар отырып, олармен сұхбаттасу, жаратылыстарына қарау, мінез-құлқын, жүріс-тұрысын қызықтау қашаннан бергі арман. Сол қиял құсымен қатарласа қалықтауды аңсаған айтулы күндердің бірінде, жаз самалы жібектей есіп тұрған сәтте үйге бір топ мейман сау ете қалды. Жанкелдин аудандық газеті қызметкері, жұртшылыққа біраз танылып қалған тілші, Жақсылық ағаның дос-жарандары. Жігіттер, қыздар. Қазіргі жастардай жанталаса аймаласып жатқан біреуі де жоқ. Өзгесінде қанша шаруам бар, ретін тауып, болашақ өз жеңгемді танып алдым. Есімі Қалқа екен. Талдырмаш болса да жігіттерге өрген арулардың арасындағы ең әдемісі сияқты көрінді маған. Қойшы әйтеуір, не керек үй-іші думанға айналды. Әкем бір қойды алып ұрды. Шешем Зibaгүл қара қазанын қайнатты. Дастарқан мәзірі де лезде әзір болды. Қара шаңырақ сырлы саз ырғағында тербеліп, Шәмшінің әндері шарықтады-ай келіп. Шаруаға икемделіп, төргі бөлмеге жайылған дастарқанға оны-пұны тасып, апарған адамға ұқсап кіріп-шығып жүрдім. Байқаймын бүйрек бетті, тығыз денелі, сары жігіт өзгелерге қарағанда біртүрлі бөлектеу ме, қалай? Төңірегінде отырғандардың көбін пәлендей менсінбегендей, мұрынын тыжырайтып, көзін сығырайтып күледі екен. Дауысы өктем-өктем шығады. Басқалардан гөрі өзі бұзып, жарып сөйлегенді тәуір көретінін сездім. Мінезі ала-құла. Әлгінде ғана шуақ төгіп отырған адамның әп-сәтте толассыз жауынға, тентек дауылға айналып кетуі түк те емес. Екі жағындағы кісіге де жайсыз екен-ау деген ой түйдім. Бірдеңе ұнамай қалса бірден атып тұру оған жат әрекет саналмайтын тәрізді. Өзге ақындардың және өзінің өлеңдерін дауыстап, нәшіне келтіре оқығанда тез таныдым. Кеңшілік Мырзабеков. Ақшығанақ ауылының азаматы. Торғайға танымал ақын. Бұған дейін Жанкелдин аудандық «Жаңа өмір» газеті бетінен өршіл үнді өлеңдерін жиі оқып, сырттай сүйсініп жүрсем, енді



өзіне қауышып, қуаныш құшағында тұрмын. Бұдан әрі не болды дейсіз ғой. Бүкіл назарым әлгі ақынға ауды. Дастарқан басында орнығып отырса да, көрпеден көтеріліп өлең оқыса да, бет-аузы бірнеше құбылып рахаттана күлсе де, тысқа шықса да, ішке кірсе де сырттай қызықтап қарадым. Соны сезіп қалды ма, кім білсін, бір мезет бұрыш жақта монтиып тұрған мені көріп, ақырын шашымнан сипап қайқаңдай басып ілгері жүре берді. Соның өзіне болып, толып, өсіп, өрлеп қалғандай күй көштім. Тағы да меймандар, жас жігіттер мен қыздар жайғасқан үлкен бөлменің есігінен сығалап қоямын. Кеңшіліктің қазақы қоңыр дауысы дараланып шығады. Жасандылықпен жаны қас. Бар қабілетін, бар болмысын, бар мінезін байқатып үлгіріп жатыр. Таланттыларға төкаппарлық та жарасатындай. Мына Мырзабектен мықты ақын шығатын болар деп жобаладым. Әлгінде тыңдаған өлеңдер төгіліп тұр. Ұйқастары берік. Ойлары отты. Идеясы сенімді. Көркемдік дәрежесінен кінә таба алмайсың. Талабы тас жаратынның нақ өзі.

Бұлқынған бір бұлақ көзі ашылды да, аптығып, асығып арындап алға қозғалды. Сөз өнерін шексіз сүйген Кеңшілік Мырзабековтың өмірдің өзінен тулап туған тырнақалды туындылары Жанкелдин аудандық

«Жаңа өмір» (қазір «Біздің Торғай»), Қостанай облыстық «Коммунизм таңы» (қазір «Қостанай таңы»), аймақтық «Тың өлкесі», республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Қазақ әдебиеті» газеттерінде біртіндеп жарық көре бастады.

Журналистік жол әдебиет әлеміне бірден-бір дұрыс, сенімді, оңды бағыт емес пе? Алыстағы Ақшығанақ ауылындағы орта мектепті бітірген, талабы тауға қарай жетелеген Кеңшілік жоғары оқу орны табалдырығынан аттамай жатып бұқаралық ақпарат құралы қызметіне кірісіп кетті. Қостанай облыстық «Коммунизм таңы» газетіне жұмысқа орналасып, ел тынысы жайлы мақала, суреттемелерді жазуға машықтанып алды.

Әдеби әйдік қазанның бұрқылдап қайнап жатқан жері асқақ Алатау баурайындағы әсем қала Алматы. Сол жылдары жалын жастардың көпшілігі жер жәннаты Жетісудің мерейлі мекеніне барып тұруды армандайтын. Кеңшіліктің де жолы болды. Республикалық «Лениншіл жас» газетіне қызметке орналасты. Қазір белгілі ақын-жазушы атанып жүргендердің біразы жастар тұрақты оқитын, таралымы көп осы газеттің журналистері. Баспасөз және оқырмандар тапғамы күшті болғандықтан аталған газет абыройын түсірмей, атағын аспандатты. Шынында да ол уақытта материалды жоғары кәсіби шеберлік деңгейінде ғана жазудан жарыс өтіп жатқандай болатын. Кеңшілік ауыл жайын жете білетін қарымды қаламгер екенін аз мезгілде аңғартты. Құлаштай-құлаштай туындылары «Лениншіл жас» газеті бетінен үнемі жарық көріп жатты. Бірде оның «Кетпен» деп аталатын көлемді, көркем очеркін оқығаным бар. Шаруа адамы тірлігін аса шеберлікпен бейнелеген. Оқиғаны дамыту желісі жүйелі. Тілі жатық. Очерк жанрына қойылатын негізгі талаптарға сай. Жалпы Мырзабековтың баспасөз беттерінде жарияланған көркем, деректі очерктерін жинастырып, жеке кітап етіп шығарса нағыз игілікті шаруа болатыны сөзсіз.

Кеңшілік қазақ поэзиясы деп аталатын сән-салтанаты мол, жиһазы жеткілікті, рухани сарайға қымсынып, қиналып кірген жан емес. Босағада тұрып қалмай, бірден көрнектілерге төселген көрпеге жайғасқан, туралап төрге озған, қабілетіне әріптестерінің көбін қарайлатқан қаламгер. Несімен дейтін сауалды алға тартсақ, оған да жауап әрқашан әзір. 1972-нші жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген алғашқы өлеңдер жинағы «Іңкәр дүние» кітабын оқып көріңізші. Ақын шын мәнінде өлеңге ғашық. Қазақ халқының өте бай сөздік қорын шебер меңгерген. Поэзия тілімен қоғам, заман тынысын, адамдар бейнесін нанымды әрі сұлу сомдайды. Былайша айтқанда алтыннан да асыл сөз айшықтары анық көрініп тұр.

Өлі ара мезгіл... Өте ғой енді тезірек,
Жолыңды ашты жаңа бір маусым кезі кеп,
Безініп тумай, сезініп туып барлығын
Бүлкілдеп тұрған бір «пәле» екенсің
Бүйірімде жатқан бір «пәле» екенсің о, жүрек.

Ол жылдары халықтың ұлттық әдебиетке, поэзияға сүйіспеншілігі ғажап еді-ау. Қаламгерлер облыс-облыстарды аралап, шығармашылық кездесулер өткізіп тұратын. Миллиондаған оқырманның талаптілегін ескеретін. Бір сөзбен айтқанда қаламгер мен оқырман арасында түсіністік, ынтымақ байланыс болатын. Жұртшылық жиналған, бас қосқан жерде жазушылардың тың туындыларын, оның танымдық тағлымдық жағын әңгіме арқауына айналдыратын.

Мысалы Кеңшілік Мырзабековтың махаббаттың майын тамыза, мәнерлеп, әдемілеп, әшекейлеп жазған екі өлеңін жастар қауымы жиын, тойларда жатқа оқитын. Біріншісі «Анар», екіншісі «Автобуста қасымда отырған қызға» деп аталатын жалын жырдың авторы бірде аталып, бірде аталмай жатқанына да өзіміз куә болғанбыз.

Бар ма екен сенің есінде,
Балқаймақ күндер шайқаусыз.
Бұлтиып бір зат төсінде,
Булығып өсті байқаусыз немесе:
Шын ұшқың кеп отыр ма, айналайын,
Бар ұша ғой, бағыңды байламайын,
Оттан, судан аман жүр алыс жолда

Көбелек деп мен сені ойламайын, - деп келетін келісті өлеңдерді көпшілік сүйсіне тыңдап, табиғи туындыға, авторға тәнті болатын. Жаңылыспасам, осы жырды ұнатып, ұмытпай, жатқа айтатын өлең-сөздің жана-шырлары өз ортамызда әлі де бар. Сүйсінетін жай, сүйсінерлік қозғалыс емес пе бұл.

Махаббат тақырыбына үн қоспаған қаламгер жоқ. Әркім өзінше өрнек салуға құштар. Кеңшіліктің арулардың нәзік, ізгі, ұяң болмыстарын бояуын баттастырмай табиғи, қаз-қалпында көрсетуі тіпті бөлек. Өзгелерге мүлде ұқсамайды. Айталық:

Ақ балтыры қозғалса,
Ақ көйлегін жел қаққан.
Оң аяғын созғанша,

Сол аяғын шаң қапқан, - деген жолдарға кімдер өлеңдемес. Өлеңмен айтылған әңгіме үлгісі іспеттес. Суреттеу шеберлігі төмен төбеде, боз белде емес, шаңқылдаған қыран қонар шыңда тұр.

Кеңшілік ақын алыстағы Ақшығанақ ауылында туып, киелі Торғайдың тал-бесігінде тербеліп өскендіктен, Хайролла Есовтей жырау төккен хиссаларға сусыны қанғандықтан қазақ сөзінің қадірін біледі. Маржанын тереңнен іздеп, табады. Сөзді ойнатып, құлпыртып, құбылтуға әбден төселіп алған. Лебізімізге нақты жауап - «Дүбірлі дәурен» кітабындағы «Әубәкір туралы элегия».

Әуелден жалқы, әкеден жалғыз әулеті,
Әубәкір әуей, ақ көңіл жігіт, әулекі,
Албарда қой көп, ауласы той боп жататын
Он саусағы - өнер, қолының кірі - дәулеті.

Қазақстанда 700-ден астам Жазушылар одағының мүшесі болса, солардың барлығының балалары әке ізімден келе жатыр, қазақ тіліндегі кітаптарды ұдайы оқып тұрады деп айтуға ауыз бармайды. Аманкелді Кеңшілік ұлының тұрақты оқып-тоқып, ізденетініне, қазақы тәрбиесіне, ұяда қалыптасқан ұлттық санасына, атына сай әдебиетте әділ сынның ақ қылышын жарқылдатып жүргеніне аса разымыз. Кеңшілік мұраларын нанымды насихаттауға жоғары орындар, әдебиет сүйер қауым түгелдей белсене ат салысса қандай ғанибет. Талантты жан жайлы жүрекжарды лебізімізді түйіндер тұста оның өз өлеңін келтіруді дұрыс санадық.

Кетті бір адам. Өтті бір ақын дүниеден,
Сезімі менен сөзіне ғана сүйенген,
Сезім мен сөз, сөзбенен сезім қасиетті
Өлтірме оны, сақтай жүр оны киенмен.

Нағашыбай МҰҚАТОВ,
ақын, филология ғылымдарының
кандидаты.

Өлеңге ғашық бір адам

университет оқытушысы Гүлжанат Құрмашқызы

туралы ой-толғам

Адамның адам болып қалыптасуына ата-аналармен қатар, оқытушының да рөлі зор. Ұрпақтың ұлы мұраты жолында талмай еңбек етіп жүрген ұстаздар баршылық. Сондай жандардың бірі - Жүрсиналина Гүлжанат Құрмашқызы.

Гүлжанат апай Семей өңірінің тумасы, Ақсуат деген елді мекенінде дүниеге келген. Отбасында үйдің кенжесі. Алдында 5 ағасы, 2 әпкесі бар. Аға-апаларының кейбіреу туған жерде, қалғаны Алматы қаласындатұрып жатыр. Гүлжанат Құрмашқызы орта мектепті бітірісімен өзі армандаған оқу орны ҚазМУ-ге барып құжат тапсырады. Барлық емтихандарды жақсы тапсырғанымен конкурстан өте алмай қалады. Ұпай санымен таласып тұрғандықтан оған басқа оқу орнындағы тіл мен әдебиеті факультеттерінің бірін таңдау мүмкіндігі ұсынылады. Осылайша, тағдырдың жазуыменен талай қазақ қыздарының киелі ордасы болған Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының филология бөліміне оқуға қабылданады. Тіл мен әдебиетке деген сүйіспеншіліктің арқасында таңдаған мамандығының қыр-сырын меңгеріп, 1991 жылы оқуын тамамдайды. Ол кезде жақсы оқыған студенттер мемлекеттің арнайы жолдамасымен мамандар жетіспейтін елді мекендерге қызмет етуге жіберіледі. Шарт бойынша сол өңірлерге барып кемінде екі жыл қызмет ету бітірушілер үшін бұлжымас талап.

- Ол кезде тұрмыс құрмаған едім. Қостанай біз үшін таңсық мекен. Біз үшін бейтаныс Қостанайды картадан тауып алдық. Ол кезде ғаламтор да ұялы телефон да жоқ. Мен мұнда жалғыз келген жоқпын, қасымда бірге 5 жыл оқыған құрбым-Нұрғалиева Әлия Абдрахманқызы болды. Қостанайда Қазақстанның әр жерінен жиналған жастар көп екен. Атырау, Қызылорда, Жамбыл, Талдықорған, Семей, Алматы, Шымкент т.б. Бәрі оқу орны үшін осындағы қазақ бөлімдеріне жан-жақтан тартылған. Өзіміз секілді жас мамандармен таныстық. Барлығымыздың мақсатымыз бір. Әртүрлі салаларды қамтыған қыздар мен жігіттер қызу тірлікке кірістік. Барлығымыз жатақханада тұрдық, алыс аудандарда жетіспейтін мамандар даярлау орталығының арнайы тапсырмаларымен үнемі жолсапарларға да жиі шығып, сабақ бердік. Жаңадан ашылған факультеттер, теле, радио, т.б. үсті-үстіне толығып отырды. Бүгінгі Қостанайдағы білімнің қара шаңырағы А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың қазақ филологиясы сол күндердің жемісі. Қазақ филологиясын бітірген түлектер заманның қиындығында басқа салаға кетіп қалмай өз мамандығына адал қызмет атқарып жүрген менің үзеңгілес әріптестерімнің де еңбегі,-дейді Гүлжанат

Құрмашқызы.

Гүлжанат апай бүгінде бақилық болған оқытушылары Г.Досаева, Қ.Нұрмұхаметов, Қ.Бижановты сағынышпен еске алады. Талай студентке білім берген А.Бопина, К.Жармұхамедова сияқты ұстаздар да қазіргі күні зейнеткерлер.

- Қақаған қысқа қарамастан алыс-жақын аудан, ауылдарға барып қазақ тілін оқимын деп талаптанған мұғалімдерге білгенімізді үйреттік. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» демекші сол кездері ақыл-парасатымен дараланып, біздерге қамқор болған аға толқынға айтар алғысым шексіз,-дейді Гүлжанат Құрмашқызы.

Гүлжанат Құрмашқызының Қостанай қаласына табан тірегеніне де биыл жиырма алты жылдай болыпты. Осы жылдар аралығында тынбай еңбек етіп келе жатқанын айта кеткен жөн. Қарапайым оқытушылықтан аға оқытушыға, кейінірек «Практикалық лингвистикасы» кафедрасына кафедраның меңгерушісі қызметіне көтерілген ұстазымыз бүгінге А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-да Тілдерді даярлау орталығының директоры лауазымында өзінің күш-жігерін сала еңбектеніп жүр. Қарапайым қалпынан таймаған мәдениетті жан әріптестеріне сыйлы, студенттердің сүйікті оқытушысына айналған Ғылым жолындағы тынбай еңбектенген көп жылдардағы зерттеулерінің арқасында 2010 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дағы алқалы десертациялық кеңесте «Көркем проза тіліндегі ойталқының түрлері мен қызметі» атты тақырыбында ғылым кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Қазіргі күні осы тақырыпта монографиялық еңбегін баспаға дайындап шығару үстінде еңбек етіп жатыр. Сонымен қатар «Жазу және жазба тіл тағлымы» (2003), «Қазақ тіл мәдениетінің негіздері» (2005), «Түркітануға кіріспе» (2007), «Кестелі грамматика» (2008) «Іс жүргізу» (2009), «Сөз мәдениеті» (2010), «Қазақ тілін тірек кестелер арқылы оқыту» (2011), «Қазақ әдеби тілінің тарихи бағдарламасы» (2012), «Орыс топтарында жаттығу жүргізу» электронды оқу құралы (2013) сияқты көптеген оқу-әдістемелік құралдарын жарыққа шығарған. Филология ғылымдарының түрлі саласына арнаған алпыстан асатын зерттеу мақалаларының авторы. Құрылғанына небары 2 жыл болған Тілдік даярлау орталығындағы сан алуан бағыттарда атқаратын жұмыстары жетерлік. Оның сыртында қалалық Тіл даярлау орталығы "Дарын" және республикалық кәсіптік білімді жетілдіру «Өрлеу» ғылыми орталығымен тәжірбие алмасып отырады.

«Алғаш Қостанайға келгенде қарымды қаламгер, журналист ағамыз Оразалы Жақсановтың ұсынысымен

біраз мақалаларымды, бала күнімдегі ептеп тұртпектеп жазатын өлеңдерімді де көрсетіп, газет беттерінде жариялап та жүрген өдім»- дейді апайымыз.

Оқытушымыздың ендігі бір қыры қазақтың қара өлеңіне құмарлық, поэзияға деген ғашықтық. Осы орайда Гүлжанат Құрмашқызының бірнеше өлеңдерін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

...Иә, достым, мен бүгінде үнсізбін

Үнсіздіктің жай мен күйін білсін кім?

Сырт қарасаң бейқам жүрген мұңсызбын

Тағдырына бағынған бір жыр-қызбын.



....Жазылмаған жырларым бар жарқыным,
Айтылмаған сырларым көп алтыным,
Мұңдарым бар мәңгі мұз боп қатпаған
Жырларымды тұңғиықта баптап ап
Жүректерді жылытуға сақтағам.

.....
Өмір ол - бұлақтың көзі
Тұп- тұнық, шөлінді басқан
Өмір ол - тынымсыз тірлік
Мәңгілік қарбаласқан
Өмір ол - сағыныш самал
Ғашықтық көкейін тескен
Өмір ол - ақ қардай сезім
Арудай аялай өскен.
Өмір ол - балауса жастық
Арманын арқалап алған
Өмір ол - таусылмас арман
Бабадан біздерге қалған
Өмір ол - тысылым ғалам
Әкеден балаға жеткен.
Өмір ол - қас - қағым көктем
Оралмас қайта, әттең!
Өмір ол - шектеулі уақыт
Күткен. Жеткен. Өткен.

Гүлжанат Құрмашқызы шәкірттерімен мақтанады, олардың жеңісіне қарап марқайады. Өзі оқытқан шәкірттерінен Досова Алма, Назымова Армангүл, Есімсейітов Бауыржан, Өмірсерікова Құралай сияқты ғылым кандидаттары, докторлары да бар.

"Кезінде оқытқан жастар қазіргі күні филология магистрлері, кейбіреулері қызметтес-әріптестеріме айналды. Көбісімен ғаламтор арқылы хабарласып тұрамын"- дейді ұстаз. Жоғары оқу орнында алғаш рет

өз қолынан ұшырған түлектерінің оқу бітіргендеріне биыл 20 жыл толып отыр. Олар Қазақстанның түкпір-түкпіріне қоныс теуіп, мектеп, балабақша т.б. түрлі салаларда халқымызға елеулі қызмет етуде.

Талай балаға білім берген Гүлжанат апай отбасында ардақты ана, асыл жар. Жұбайы Жүрсиналин Асылхан Кәженұлы екеуі 2 қыз, 1 ұл тәрбиелеп отыр. Жұбайы шартты демалыстағы подполковник, бүгінде Новенежин ауылдық округінің әкімі. Үлкен қызы Әйкерім Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында шетел тілі мамандығы бойынша грант иегері, студент. Ұлжан атты қызымен Айқын атты ұлы мектеп қабырғасында білім алуда.

Ұстаз ақыл-ойы мен күш-қуатын шәкірттеріне арнап, жан аямай еңбек етеді. Өйткені ол, оның көкірек көзін ашып, дүниетанымен кеңейтіп қияға қанат қақтырады. Сондықтан болар кейбір дарынды ойшылдар да, тіпті арман қуған кез келген студент те ұстазды ерекше пір тұтып қадірлейді.

..Кем көрмеймін сізді асыл анамнан,
Сізге ұқсап қудық біз де сан арман
Сіздей адам дүниеде көп болсын
Шәкіртінің бақыты үшін жаралған.

Қостанайға келіп "қарлығаштай қанатымен су сепкен", қазақ тілінің дамуына өз үлесін қосуды мақсат тұтқан, ел мүддесін өз мүддесінен жоғары қоя білген, қарапайым ұстаздың өмір жолы осындай. Өз бақытын тағдырдың жазуымен Қостанайдан кездестірген Гүлжанат Құрмашқысы Аллаға мың да бір шүкіршілігін айтады.

Сералы РАМАНҰЛЫ,
ГӘФ журналистика мамандығының 2 курс
студенті.

БІР ӨЗІ — ТҰНҒАН ШЕЖІРЕ

тыл және еңбек ардагері, тоқсанның төріндегі әжей Мүгүлсім Нарынбайқызы туралы бір үзік сыр

«Қарсы жауға біз де шықтық түрәнмен»

Тыл және еңбек ардагері, көп балалы Батыр ана, бүгінде тоқсанның төріне шығып отырған Мүгүлсім Нарынбайқызы туралы алғаш рет елордамызда ұстаздық қызмет атқарып жүрген Ғалым Қазжанов ағамыздан естіген болатынмын. Сол әңгімеде Ғалым ағамыз кейіпкеріміздің тоқсанның төріне шықса да, әлі күнге дейін ширақ қимылдайтынын, ешкімнің көмегінің жетіспейтіндігін жеткізіп қайнатып, оны үйге өзі көтеріп әкелетінін айтып қызықтырып қойған-ды. Мүгүлсім апамыздың тарихи оқиғалар мен аңыз әңгімелерді майын тамызға әңгімелейтін шежірешілдігінен де ептеп құлағдар еткен болатын. Неге екенін қайдам, әжей туралы осы әңгімелерді естіген сәттен-ақ ол кісімен кездесуге асықтым. Ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен қанды майдан жылдарында ауыр еңбектің қазанында қайнаған әжейдің қолын алып қайтудың өзі бір ғанибет қой! Өзім денсаулығым байланысты туған жерімде емделіп жатқандықтан, ол кісінің «біздің жаққа ат басын бұрып тұрады» дегенді естіп, әжейдің Қызылордаға келуін асыға күттім. Ғалым ағамызға күн сайын хабарласамын. Сөйтіп жүргенде, Сыр еліне жолы түскен Мүгүлсім Нарынбайқызымен бірге ағамыздың өзі де келді. Бізді қуана қарсы алған әжейдің кіші қызы Зоя апайымыз төрті бөлмеге шақырып, асыға күткен кейіпкерімізбен таныстырды. Әжей жатсынбай, бейне бір туған немересіндей көріп, «айналайынға» басып құшақтап жатыр. Қимылы ширақ. Шыны керек, тоқсанды артқа тастап, жүзге аяқ басқан кісіні басқаша елестеткенбіз. Бірақ, мен ойлағандай емес, қазықтың қайсар қызы қарттығында да қайраттылығынан қайтпапты. Самайын ақ шалып, бетін қарияға тән әдемі әжім әрлеген кісінің жанарында қайсар жанға тән от үшқыны әлі де сөнбеген. Балғын балалық шағы адамзаттың талай шаңырағына қайғы әкелген соғыс жылдарына түспә түс келген Мүгүлсім әжей қиындық пен жоқшылықтың ащы дәмін ерте тартқан екен. «Е, мәні өмірім ертегі сияқты. Бір адамның басына жетіп-артылатын түрлі қиындықты да, қыздықты да көрдім қой. Талай рет өліп-тірілген кезім болды. Бірақ, адамның жаны сірі екен. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі», деген осы шығар. Бізде қазіргі кездегідей балалық шақ деген мүлдем болмады. Балалық шағымда ер адамдардың орнында жүрдім. «Балалық шақ жармасып жүретұғын, Өгіз жеккен соқаның құлағында» деп Мұқағали ақын айтпақшы, он бес жасымызда Ұлы Отан соғысына аттанған ер адамдардың орнында ауылда қара жұмыс істедік. Асау тай үйрет десе, оны үйреттік, асау сиырлармен де арпалыстық. Шөпке бар десе, барып шөп ордық. Соқамен жер жырт десе, соқамен жер де жырттық. Комбайнға жем бер десе, оған да көндік. Бір сөзбен айтқанда, қандай жұмыс беріп, қайда бар десе де, сонда бардық. Талай рет ат пен сиырдан құлап, өлімнің аузынан қалдық. «Он бестегі бойжеткенмін, қалай асау тайды үйретемін, саусағы нәзік, қыпша бел қызбын» деп айтатындай жағдайда болмадық. «Қан майданда ерлік етсе біреулер, Қарсы жауға біз де шықтық түрәнмен» дейді Мұқағали тағы да. Сол айтқаны — айна-қатесіз біздің өміріміз. Қан майданда соғысып жатқан туысқандарымыз үшін күні-түні бір минөт тыным алмастан, беліміз бүгіліп еңбек еттік. Бұл күнде ол қиындықтар артта қалды. Аллаға шүкір, бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз», дейді кейуана өміріне тәубесін айтып. Иә, табиғатынан қайсар, жаратылысынан табанды жан тағдырдың салған тауқыметіне мойынсұнбады. Қостанай облысы Урицкий (Сарыкөл) ауданындағы «Маяк» (Отыншөк) кеңшарында 1926 жылы дүниеге келген Мүгүлсім Нарынбайқызы сауат ашуда көп қиындықтарға кездеседі. «Оның басты себебі — ауылда сабақ беретін мұғалімнің болмауында еді, — дейді

әжей. — Бізге төрт кластық білімі бар жас балалар сабақ берді. Соның өзіне тәубе дедік. Жоғары білімді мұғалімдер деген атымен болған жоқ. Әке-шешем оқымаған қараңғы кісілер болды, біздің ең болмаса ежелеп оқи алатынымызды көріп Аллаға шүкіршілік ететін».

Айтпақшы, кейіпкеріміздің дүниеге келуінің өзі қызық оқиға. Мүгүлсім әжейдің Нарынбай ақсақалдың шаңырағында бала тұрақтамаған көрінеді. Бірмұшыл халықпыз ғой, отбасында бала тоқтасын, жұбайының көтерген осы құрсағы «күтты» болып келсін деген ниетпен қария құмай күшік асырап, атын «Құтпан» қояды. Сол құмай күшік отбасына шынымеңде күт болып келіп, жұбайы Кұлайым Мүгүлсім апамызды дүниеге аман-есен әкеліпті. Тағы бір қызығы, кейіпкеріміз еңбектеуге шамасы келгеннен-ақ күтты күшік Құтпанның жанынан шықпай, үй ішінде күнүзак сонымен ойнауды әдетке айналдырыпты...

«Балалық шағым күреспен өтті...»

Мүгүлсім әжейдің әкесі Нарынбай Оразұлы соғыс жылдарында тылда еңбек етіпті. — «Ауылда қалған қарт кісілердің ішін тек мәнін әкем ғана тыл армиясына алынды. Оны басқа облысқа алып кетті. Әкеміз кеткен соң онсызда мәз емес тұрмыс жағдайымыз, күн көрісіміз өте қиындай түсті. Тыл армиясына алынған адамдардың жағдайы мәз болмағанын бесенеден белгілі. Бір күні аштыққа шыдамаған бір топ адам тыл армиясынан қашып келді. Арасында мәні де әкем болды. Ауылға келген күні-ақ «аштыққа шыдамай қашып келдім» деп өз еркімен военкоматқа барды. Ол жақтағылар болса: «Тыл армиясына алынбай тұрғанда қандай жұмыс істедіңіз, барып сол жұмысыңызды жасай беріңіз» деп босатып жіберіпті. Әкем сол уақыттарда жасы келіп қалған қарт кісі болатын. Оның сауаты жоқ екенін жоғарыда айттым. Сол себепті, малшылардың жер жыртуға жегетін өгіздерін бағып еңбек ететін. Ауылға келген соң, өгіз бағуды одан әрі жалғастырды», дейді әжей.

Ал кейіпкеріміздің анасы ауылдағы қара жұмысшылардың тамағын пісіретін аспаздық қызмет атқарыпты. Ауылдың қақ ортасында өте ескі, сау тамтығы жоқ, шұрық-тесік киіз болған көрінеді. Сонда ауылда қысы-жазы еңбек етіп жатқан жұмысшылар тұрады. — «Бөрі бүгінгі күнге дейін көз алдымда. Анам танертеннен қара кешке дейін сол киіз үйде жұмысшылардың тамағын дайындайтын. Ертелі-кеш қара қананның жанынан шықпайды. Нанды отқа көміп пісіреді. Қайттыр, не керек, пісіруге ас табылмай қалған күннің өзінде жұмысшыларды аш қалдырмайтын», дейді кейіпкеріміз сол күндері қинала еске алып. — Үйдегі балалардың ең үлкені мен болғандықтан, көп тауқымет тарттым. Нұрғожа, Байғожа атты екі інім, Күләш атты сіңілім болды. Біздің әке-шешемізден басқа жанашырымыз болған жоқ. Бір отбасының қиыншылығы менің мойныма түсті. Көрі әкешешемді, артыман ерген бауырларымды асыраймын деп балалық шағымның бөрі қиындықпен, күреспен өтті. Жиырма бір жасқа келгенше ойға барсам да, қырға барсам да ойлағандарым солар болды. Бір жағынан колхоздың ауыр жұмысы, екінші жағынан үйдегілерді асыраймын жарғақ құлағым жастыққа тимеді. Заманның қиындығы сондай, бір көйлекті жуып алып, кебер-кеппестен қайта киіп алып жүре беретінбіз. Мата дегеннің қолға тигі өте қиын болатын. Несін айтасың, соғыс біздің балалық шағымызды ұрлап кетті ғой, қарағым».

Осылайша, қайсарлық пен қайраттылыққа өмірдің өзі тәрбиелеген Мүгүлсім Нарынбайқызының сол бір ел басына күн туған қиын-қыстау заманда тауқымет тарта жүріп, тағдырға мойымауы — өңге мен ерліктің белгісі екендігі рас.

«Тоғыз құрсақ көтердім»

Кейіпкеріміз 1947 жылдың қараша айында 21 жасында Өшім Жаналин атты ауылдасына тұрмысқа шығады. – «Сол кезде Ұлы Отан соғысы аяқталап, ақшаның ауысып жатқан кезі болатын. Жұбайым да оқымаған жан болды. Ауылдың малын бағып, шөбін шабатын. Совхоз кезінде күні-түні совхоздың сиырын бақты. Колхоз кезінде шөп ору, шөп шабу, егін ору секілді қара жұмыстарда жүрді», деген әжей ұзақ ойға шомды.

Біраз үнсіздіктен кейін: «Қарағым-ай, біздің жағдайдың несібін сұрайсың?» деп ауыр күрсінді Мүгүлсім Нарынбайқызы. Сосын сөзін қайта жалғады: «Жұбайым екеуіміз бірде аш, бірде жалаңаш өмір сүрдік. Біреуден кейін, біреуден ілгері, бірде бар, бірде жоқ күндерді басымыздан өткіздік. Қандай тауқымет тартсақ та, қандай қиыншылық көрсек те ажырасқанымыз жоқ. Ондай сөз тісімізден де шықады. Баланы да таптық, асырадық, өсірдік, оқыттық, бүгінгі күнге жеткіздік. Өзім тоғыз құрсақ көтердім. Бір балам кішкентай кезінде, екі балам есейген шағында өмірден өтті. Балаларымызға: «Өзіміз надан болдық, балалық шағымыз киын жылдарға түспа түс келіп, оқи алмадық. Сол сауатсыз, надан болғанымыздың кесірінен еңбек демалысымызды да ала алмадық, талай адамдарға еңбегіміз жем болды. Сондықтан, сендер оқындар. «Білім – жанып тұрған шырақ» дейді аталарымыз» деп соларды оқытуға үлкен күш салдық. Сол себепті өмір бойы жұбайымыз екеуіміз күн көрдік. Қолда келін де ұстағанымыз жоқ, баланың де бетінен қақпадық. Қайда оқымын, қайда жұмыс істеймін десе де, тек тілекші болып қана отырдық. Күйеуімнің көзі жұмылғанша бір-бірімізге демеу болдық. Бұл өмірде жақсылық та, жамандық та қатар жүреді. Сол кездегі көрген қиыншылықтарымыз бұл күнде ертегі сияқты. Қазіргі жастардың көбісі сенбейді. Ол қиыншылықтар айта берсең таусылмайды. Колхоздың қойын бағып жүріп, бірінші рет қасқыр көргенде қорыққанымнан дауысым шықпай қалған. «Қорқа, қорқа батыр боларсың» деген. Кейіннен қасқыр көрсек, бақан алып тура ұмтылатын болдық. Себебі, қасқыр тартқан бір қой үшін ол кезде соттап жіберетін еді».

Бір кісінің басына жетіп артыларлық қиындық көрген Мүгүлсім әжей адам талаптанса, жақсылыққа ұмтылса, еңбектенсе, ойлағанына жетпей тынбайтынын да жеткізді. – «Қазіргі жастардың басындағы оқиғаларды естісем, жағамды ұстаймын. Көк жәшікке қараған сайын жүрегім ауырады. Әсіресе, біздің қазақтың жастары небір қорлықты көріп жатыр. Басқа ұлтта ондай жоқ. Не үй жоқ, не жұмыс жоқ, не күй жоқ. Қаншама қазақтың қарадомалақ балалары қанғып жүр. Өздеріне өздері ие бола алмай жүрген жастарымыз көп. Сол себепті, олар жаман жолға түсіп кетіп жатыр. Ал, керісінше, қанша қиындық көрсе де, өзін жоғалтып алмай, «адам боламын» дегендері дегендеріне жетіп жатыр. Мәнінше, біздің жастарға еңбектену жағы жетіспейтін сияқты. Біз де үй болсақ екен, шаңырағымыз шайқалмаса екен деп армандадық. Жақсы өмір сүрсек, балаларымызды оқытсақ деп талпындық. Сол үшін күні-түні еңбек еттік. Аллаға мың да бір шүкіршілік, бәрі бірден бола қоймағанымен, біртіндеп ойлағанымыз орындалды. Бүгінде арманым жоқ», дейді батыр ана.

«Бір ғана тілегім бар»

Десе де, Мүгүлсім әжемнің ішінде өкініші де жоқ емес екен. Біз оны әңгіме ауанынан, сөз арасындағы жабырқау жүзінен, көз жасынан сезгендейміз. Бірақ, біз сұрағанмен, әжей айта қоймады. «Өткен іс өтті, кетті» деп шорт кесті кейіпкеріміз. Тағы да біраз үнсіздіктен кейін әңгімесін қайта жалғады: «Шалым екеуіміздің бірге жүргеніміз, отын-шөп тасығанымыз той еді ғой, шіркін! Қайда барсақ та, бірге жүрдік. Жұбымыз жазылмады. Жұрт ұйықтап жатқанда,

біз отын-шөбімізді әкеліп қорамызға түсіріп жататынбыз. Суды да бірге таситынбыз. Қазір сол заманды көп ойлаймын. Сол кезде «оған неге кейідім, неге ренжідім екен» деп. Сол жүргеніміз жақсы екен ғой. Күн көріс қамымен жүрсек те, бірге жүрген күндерімізге ештеңе жетпейді екен. Таза ауада, таза табиғатта. Шөбімізді әкелеміз, жинаймыз. Отынымызды түсіріп аламыз. Ешкімнің бізде шаруасы жоқ. Біздің де ешкімде ісіміз жоқ. Өзімізбен өзіміз. Бәрі пәндешілік қой... Кейде, оңашада қалғанда «сол кезде оған неге ренжіді екенмін» деп қазір көп ойға батып отырамын. Ойға батқан сайын киналамын. Қатар жүрген кезіміз – бақытты шақтарымыз екен. Қатар жүріп, талай тіршілігімізді бітіруші едік...».

«Өмірге өкінішіңіз бар сияқты» деп, көрген қиыншылықтарымызды сұрап жатырсың ғой, балам. Қиын заманды жалғыз мен көрген жоқпын. Біздің құрбы-құрдастарымыз да осы жағдайларды басынан өткерді. Отбасылық кезімде көрген қиындықтарымызды айтпай-ақ қояйын. Оны өзімнен бірге ана-а жаққа ала кетсем деймін. Қиыншылықтың талайын көрдім ғой. Әсіресе, адамнан көрген қорлықтарым көп. Естен кетпейді. Ұмыта алмаймын. Солардың бәріне тоздым. Кеткенім де жоқ, қашқаным да жоқ. Бәріне көнгендіктен бүгінгі күнге жетіп отырмын. Кейде оңашада отырып ойланғанда, бәрі есіме түседі. Кейде өзіме өзім таңғаламын. Осындай қорлықтарға қалай шыдағанымын деп. Әсіресе, абысынымнан, ағайынымнан көп қорлық көрдім. Оның бәрін сұрап қайтесін, балам. Сен сұрама, мен айтпайын. Өз ішімде қалсын. Өткенге өкініп қайтейін. Осы отырғанымға тәубе деймін. Өмірдің жақсысы мен жаманы аралас жүреді. Жақсысын алып, жаманын тастамайсың ғой. Адам бәріне төзуі керек соның. Жұмыр басты пәнде болған соң, Алланың салғанының бәріне көнесін. Алла салған нәрседен қашып құтыла алмайсың ғой.

Жұбайым Әштаймен (туысқандары солай атап кеткен – Н.М.) 60 жыл бірге өмір сүрдік. Отасқанымызға 60 жыл болғанын тойлаймыз деп отырғанда, атаң мені «мәңсіңбей» 94 жасында тастады да кетті, – деп бір кезде бәрімізді ду күлдірді әжей. – Сол 60 жылдың ішінде бәрін де – қызғығын да, шыжығын да бастан өткіздік. Қиыншылық – бойға құт. Өткен заман өтті. Өткенге өкініп қайтейін? Енді Алла Тағаладан бар тілерім, ұл-қыздарымызды аман қылып, есік пен төрдің арасындай ғана қалған аз өмірімде осылардың алдында кетсем – еш арманым жоқ. Бар тілегім – осы. Алла Тағала енді мені жылатпай-ақ қойса деймін. Құлыншақтарым аман болсыншы. Осыларға ауыртпашылық салмасам деймін. Жатсам-тұрсам тілейтінім сол. Көзім ұйқыға кеткенше осылардың амандығын тілеп отырамын».

Токсаннан асқан аналары күні-түні амандығын тілеп отырған ұл-қыздары неткен бақытты жандар деп ойлайсың осындайда. Әжей жоғарыда атап өткеніндей тоғыз құрсақ көтерген жан. Тұңғышы Збайра алты жасында, Сәкені мен Серігі бертін келе өмірден озды. Екінші қызы Зайда апамыз II топтағы мүгедек, бүгінде әжейдің өзімен бірге тұрады. Майдасы – Қостанай қаласында медбике болып еңбек етсе, Зоясы – педагог. Мейрамы – ҰҚК подполковнигі, Нұрышы – Астанада тұрады. Ал, сүт көңжесі Сайлау – «Қызылорда» халықаралық әуежайының бас директоры болып абыройлы еңбек етуде.

– Нұрғожа інім Алматыға өз күшімен оқуға түсті, өз күшімен оқыды, өз күнін өзі көрді. Ауылдан оның артынан ай сайын барып тұратын ешқандай көмек болмады. Бірде аш, бірде тоқ жүріп, өзінің талабы мен табандылығының арқасында оқуын үздікке аяқтап келді. Отбасын құрды. Қызметке орналасып, елі үшін еңбек етті. Әке-шешемізді қолына алып, жас балаша бағып-жақты. Ата-анамыз мәңгілік мекеніне аттанғанда құрметтеп жөнелтті. Нұрғожа бәріне, бүгінгі биігіне өз күшімен жетті. Талмай еңбектенді. Сол еңбегінің арқасында қарымды қаламгер атанды. Көптеген

«Дәрігерлер: «адам болмайсың» деген...»

Жастайынан қиындыққа мойымаған Мүгүлсім әжей ауруға да берілмеген қайсар жан. Кейіпкеріміз осыдан он шақты жыл бұрын қатерлі ісік ауруына шалдығады. Ауруханаларға жатуы жиілейді. Сөйтіп жүргенде, 2010 жылы Астана қаласындағы онкологиялық ауруханада жарты жылға жуық ұзақ емделеді. Сол жылдың күзінде аталмыш аурухана дәрігерлері әжейдің ұл-қыздарына: «Аналарыңыз адам болмайды. Үйге алып кете беріңіздер» деп емханадан шығарады. Суық хабарды естіген әжейдің ұл-қыздары күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылады. Мүгүлсім әжейдің кеңже ұлы Сайлау аға Астанадан мейрамхана іздей бастаған көрінеді. Осы кезде өңгімеге Ғалым аға араласты:

– Мен бұларға: «Қорықпандар, апам өлмейді. Әлі-ақ көресіндер, анамыз жүз жасайды» деп басу айтсам, бұлар көнбейді. «Сен қайдан білесің?

Дәрігерлер солай деп айтқан жоқ па?» деп тарпа бас салады. Мен болсам: «Білемін, апамның күш-жігері мықты емес пе? Талай өлімнен аман қалған. Алланың бұл сынағынан да аман өтеді» деймін. Сайлау досым болса: «Ғалым, сен өмірге реалистік тұрғыдан қарамайсың!» деп жылап жүр. Күнде сабылып, ресторандарда іздейді. Туған-туысқандарға хабар береді. Содан түк те болған жоқ. Аллаға мың да бір тәубе, анамыз әлі арамызда жүр, – дейді ағамыз.

Ауру мендеген әжейдің аяқтан тұрып кетуіне оның кіші қызы Зоя (Шын аты – Збайда – Н.М.) апайымыздың үлесі зор екен. – «Дәрігерлер «адам болмайды» деп төбемізден жай түсіріп, оны ауруханадан шығарды. Емханадан шығарып жатқанда анамызға қарадым да, оны жалғыз қалдырмауым керек екенін ұқтым», – дейді Зоя апа. Сөйтсе де, жарына бар жағдайды түсіндіріп, Қызылорда облысы, Жанақорған ауданы, Қыраш ауылындағы отбасын қалдырып, Астанаға – анасының жанына келеді. Анасын балаша мөпелеп, түрлі емдік шөптермен емдеп, аяғына тік тұрғызады. Отағасы Тұрсынхан ағамыз Мүгүлсім әжейді өз анасынан кем көрмейді екен, бәріне түсіністікпен қарап, жұбайына тілекші болады. Ай сайын Қызылорда мен Астананың арасын жол қылған ағамыз ақыры бұлай болмайтынын түсініп, бір жылдан кейін елордаға қоныс аударыпты. Өнер университетіне қызметке орналасады. Олардың қос ұлы Ринат пен Бақытбек те сүйікті әжелеріне демеу болады. Бүгінде Мүгүлсім әжейіміз күйеу баласы Тұрсынхан ағамыз бен қос қызы Зоя мен Зайда апаларымыздың қолында бақытты ғұмыр кешіп жатыр.

Иә, кезінде «адам болмайды» деген әжей бүгінде түрлі тағам да пісіріп, жез самаурынды өзі қиналмай көтеріп кете барады. 12 нөмересі мен 6 шөбересін сағынғанда, жолдың алыстығына қарамай мауқын басып қайтатыны тағы бар. Адамның емес, Алланың айтқаны болады деген осы емес пе?!

«Бабаларым – шетінен батыр болған жандар»

Мүгүлсім әжей әңгімешіл жан екен. Бір өзі – тұнып тұрған шежіре десек те болады. Арғы-бергі тарихты майын тамызға әңгімелегенде, өзінді құлды сол оқиғалардың ортасында жүргендей сезінесің. Тыңдай бергің келеді. Әсіресе, Балуан Шолақ, Кейкі батыр, Амангелді Иманов, Қасым Аманжолов туралы біз біле бермейтін біраз сырға қанықтық. Арасында өзімізге де сұрақ қойып, талай састырды. Көпті көрген көреген жанның мысы баса ма, әлде әңгімеге елітіп отырып абдырап қаламыз ба, талай оқыған, білетін нәрсеміздің өзі қалелімізге аузымызға түспей қалып, біраз ұятты болдык.



– Әкемнің әкесі мен аталары батыр болған, қазақ тарихында аттары қалған тұлғалар, – дейді әжей бір сәт тарихқа ойысып. – Ең үлкен атамыз Мама – әрі батыр, әрі би болған жан. Ол туралы тарихи деректер өте көп. Әрі Қожаберген жыраудың жырларында аты аталады. Мама батыр 1723 болған ауыр шайқаста қатты жараланыпты. Ал, оның ұлы Бөкенбай – Жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен атакты батыр. Сегіз серінің шежіресінде 1713 жылы Ресейдің Омбы қаласында дүниеге келген деп жазылған екен. Оның ерліктеріне риза болған Ас-қап Шора Қарабасұлы деген батыр кісі Бөкенбай бабамызға «Түкті сардар» деп ат қойыпты. Бабамыздың жүзбасы, мыңбасы, сардар деген әскери атақтары да болған деседі тарихшылар. Қосымқожа деген ұстазы болған деп те айтылады. Керей әскерін басқарып, Жетісу жерін жаудан азат еткен көрінеді. Салғара Жанкісіұлы деген акын ол туралы «Мама батыр ұлы – Бөкенбай» деген дастан жазыпты. Осы Бөкенбай бабамыздан Сүйіндік, Сағындық, Тай-мас, Айбас, Мөнек, Қойбас, Байбағыс жеті ұрпақ тарайды. Үлкен ұлдары Сүйіндік пен Сағындық жөне кеңже ұлы Байбағыс әкесіне ұқсаған батыр болған жандар. Сүйіндік сөзге шешен болыпты. Сүйіндік бабамыздың Каратока деген ұлы керей руының аға сұлтаны Есәейдің бас биі болып сайланған. Сағындық бабамыздың Тәуке атты ұлы сөзге шешен әрі бай болған екен. Тәуке атамыздың он баласы болған. Ең үлкен ұлы Ораз пірадар болыпты. Осы Ораздан біздің әкеміз Нарынбай туады.

Тарихта біздің бабаларымыз туралы жырлар мен аңыз әңгімелер өте көп. Әкемнен естіген солардың біреуін саған айтып берейін. Бір күні Сағындық батыр ел аралап келе жатып, орман ішінде түнеп қалады. Азыққа аулаған аңының етін пісіріп жеп отырса, жанына салдыр-күлдір етіп еңгезердей адам келеді. Оттын ар жағында әлгі алпамса адам, бер жағында біздің бабамыз отырыпты. Атамыз сүйек мүжіп отырса әлгі адам: «Болатты болатқа басып жатқанын қарашы» депті. Қолын сүргіп жатса: «Майды майға сүргіп жатқанын қарашы» депті тағы да. Оның осы сөздерінен-ақ Сағындық батыр секем алады. Әлгіге ет ұсынса, шапанының жөні ұзын екен, етті қолдарын сол жөннен шығармай алыпты да, кетіп қалыпты. Оның бұл әрекетінен секемденген әрі қайта келерін сезген атамыз үлкен томарды алып, оның үстіне сырт киімін жабады, бас жағына бас киімін кигізеді. Ал, өзі атын тұсап, соның бауырына тығылып отырады. Түн ортасы болғанда бағанағы дәу қайта келеді. Жөнінен екі қолын шығарып, тырнақтарын қайрай бастайды. Тырнақтары өте ұзын екен. Сөйтіп, ағашты батыр деп ойлап, тырнақтарын ба-

тыра қалғанда, қолын ағаштан ала алмай айқайлай бастайды. Сол кезде оны аңдып отырған атамыз жезтырнақты атқан кезде, ол қаша жөнеледі. Бірақ, екі қолы шынтақтан төмен қарай, ағашта қалып қойыпты. Екі қолды қалтасына салып алған атамыз әлгі дәу қашқан жолға түсіп, аққан қанның ізімен бір үңгірге тап болады. Тыңдап қараса, үңгірдің іші у-шу, қос қолынан айрылған әлгі жезтырнақ зарлап жылап жатыр екен. «Үңгірге кірсем, бәрі маған жабылып өлтіреді ғой» деп ойлаған атамыз атынан үш түсіп, үш мініпті. Сөйтіп, келе жатып бір ауылдың үстінен түседі. Сол ауылға келгенде, батыр әлсіреп, ауыра бастайды. Сөйтсе, қалтасындағы жезтырнақтың қолының уы батырдың денесіне тарап кеткен екен. Сағындық атамызды таныған ауылдың адамдары оны дереу атынан түсіріп алып, емдей бастайды. Ауылдағы биелерді бірінен соң бірін сауып, батырды соған салғанда, саумалдар ұйып қала беріпті. Жаңа ғана сауылған саумалдарға кезек-кезек батырды үш рет жатқызғанда ғана, атамыз есін жиыпты. Жезтырнақтың қос қолындағы улы да осы әдіспен қайтарыпты. Сол қолдарды атамыз ұзақ уақыт бойы сақтап жүріпті. Кейіннен мұраға қалып, атадан балаға ауысып отырған көрінеді.

«Әкемнің інілері – қуғын-сүргін құрбандары»

«Халық жауының туысы» деген атақ та оңай болмады, дейді енді бірде әжей. Кейіпкеріміздің «Қиындықты көп көрдім. Әсіресе, адамнан көрген «қорлықтарым» көп» деген сөзінің сырын енді ұққандаймыз. – «Бұл атақ тұрмыстағы мені де айналып өткен жоқ. Бірақ, қатты залалы болмады. Әсіресе, мұндай атақтан біздің әулеттің еркек кіндіктері көп азап тартты», деп мұнаяды әжей.

– Халық 1937 жылы көп зардап шекті. Қылмыс жасамаған, түк кінәсі жоқ адамдар нақақтан күйіп кете барды. Түнде қара машинамен келіп, үй-үйді тінтіп, алып кетіп жатты. Күндіз келмейді, әдейі түнде келеді. Көптеген арыстарымыз көмусіз қалды ғой. Әкем Нарынбайдың екі інісі де сондай жазықсыз жаланың құрбаны болды. 1938 жылы ату жазасына кесілді. Ешкімге зияны жоқ адамдар еді. Бар кінәсі – оқыған-тоқығаны, елі үшін еңбек еткені болды. «Халық жауы» атанып кете барды. Әкем де кезінде Голощекиннің жауыздық саясатының құрбаны бола жаздаған адам. Екі інісі халық жауы атанғаннан кейін біраз қуғындалды. Әкеме байдың тұқымы деп талай рет салық салынды.

Әкемнің Махмет, Мүсінбек атты екі інісі ұлы жазушы Фабит Мүсіреповпен бірге оқыған жандар. Бұл туралы жазушы өзінің «Суреткер парызы» атты кітабында жазды. Осы ағаларымыздың аттары Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» атты кітабында да аталады. Мүсінбек ағам қызылдардың командирі болған. Махмет аға болса, Қостанай губерниясының прокуроры, кейіннен Алматыда Бас прокурордың замы болып қызмет істеген. Осы Махмет ағам қайтыс болғанда қаралы жиын мен асын Сәбит Мұқановтың өзі басқарған екен. Мүсінбек ағам елде қуғын-сүргін басталғанда алғаш құрбан болғандардың бірі. Тергеуге шыдамай, қайтыс болыпты. Бірақ, ресми құжаттарда аты жөні атылғандардың тізімінде көрсетіледі.

Әкемнің ең көңге інісі Нұғыман Таукин де – жазықсыз жала құрбаны. Ол әкеме қатты жақын болыпты. Кеңес өкіметін құруға атсалысқан, бірнеше облыстық соттарды басқарған Нұғыман ағамыз Сәкен Сейфуллин, Қаныш Сәтбаевтармен сыйласып, жақсы қарым-қатынаста болған. Ағамыздың 1938 жылдың 11 наурызында Алматыда атылғаны туралы деректерді інім Нұрғожа іздеп жүріп, тауып алыпты. Жалпы, Нұрғожа жазықсыз жала құрбаны болған ағаларымыздың жоқтаушысы болып, жалғыз өзі табанынан таусыла жүріп көптеген деректерді тапты. «Өлген соң ақталды» деген құжаттарын алып, есімдерін қайтарды. КІБ-ның архивін ақтарып, ағаларымыздың жазықсыз екендігін дәлелдеді. Тірнектеп жинаған мәліметтеріне сүйеніп, көптеген мақалалар жазды. Ерлікке тең іс бітірді. Ендігі жерде, елі үшін өз бастарын өлімге тіккен ағаларымыздың жандары жәннатта

болса екен деп тілеймін!

«Байлықпен ешкім мұратқа жетпейді»

Бір өзі тұнып тұрған шежіре, тоқсанның төріне шыкса да қайраттылығынан қайтпаған кейіпкерімізбен кейіннен Астана қаласындағы үйінде жолықтық. Әжей бос уақытында газет-журналдар мен кітаптардан бас алмайды екен. Әсіресе, «Аңыз адам» журналының бір санын жібермей оқитын көрінеді. Әрі осы журналдың барлық нөмірін тігіндісін жасап қойыпты. Әжей біз барғанда қалың ой үстінде отыр екен. Амандық-саулықтан соң ішіндегі ренішін де жасырмады: «Ол кезде ауылда жақсы адамдар көп болды ғой, жарықтық. Бір үзім наны болса, наны жоқ үймен бөліп жеді. Бір қайнатым шөй табылса, бір-бірімізге үлестірдік. Біздің заманымызда бәріміз біріміз үшін өмір сүрдік, бір-бірімізге жәрдемдестік. Қазір ондай жоқ. Әркім өзінің қара басын ойлайды.

«Заман өзгерді» дейді қазіргілер. Заман өзгерген жоқ. Тан атады, күн батады. Сол бағы заман. Заман емес, адам өзгерген. Адамзат баласының жүрегі мен қаны бұзылған. Біріне-бірі жаны ашудан қалып барады. Кейбіреулер «заманның ағымы солай» дейді. Қандай заманның ағымы? Алланың сол таны, сол күш емес пе? Күн де, түн де өзінің ырғағынан еш жаңылған жоқ. Олай болса, «заман өзгерді» деп қалай айтамыз? Меніңше, адамзат баласында адамгершілік, ар-ұят, мейірім, кішіпейілділік деген секілді ізгі қасиеттер күн өткен сайын жойылып бара жатыр. Алла берудей-ақ беріп жатыр. Соны адамзат баласы ұстай алмай, Алла бергенді көтере алмай жүр. «Байлық – мұрат емес, жоқтық – ұят емес» дейді атам қазақ. Байлықпен ешкім мұратқа жетпейді».

Осы өміріне шүкіршілік айтудан жалықпайтын, аузынан «тәубесі» түспейтін шежіреші әжейдің әңгімелерін біз ғана қызығып тындамайды екенбіз. Еліміздің көптеген таны-мал жастары Мүгүлсім апаның үйінде жиі қонақ болып, әңгімесін тыңдап, батасын алуды әдетке айналдырыпты. Солардың бірі – ауыр атлетикадан әлем чемпионы Алмас Өтешев. – «Мүгүлсім әжейді туған әжемнен кем көрмеймін. Астанаға келген сайын шаңырағына бас сұғып тұрамын. Әжейдің әңгімелері өте қызықты. Ол кісінің қиыншылық пен күреске толы өмірі, әсіресе, жастарға үлгі болуы керек деп ойлаймын. Мүгүлсім әжейдің берген батасы үнемі маған сәттілік сылайды», дейді ол ағынан жарылып.

Әжей осы кездесуде өзіне берілген «Күміс алқа» туралы назын да айтып қалды. – «Мен тоғыз құрсақ көтергенімді айттым. Оның үшеуі мәңгілік сапарға аттанды. Маған 2010 жылы алты баланың анасы деп «Күміс алқа» берді. Мен секілді кейбір таныстарым «Алтын алқа» алыпты. «Дүниеден өткен балаларымызды да есепке алды» дейді олар. Маған тірі жүргендерін ғана есептейміз деген. Осының ақ-қарасын айыра алмай жүрмін», – дейді кейіпкеріміз.

«Сұрапыл соғыс кездері мен ел болып көрген қиындықтарым бүгінгі күнгідей әлі көз алдымда, оны ұмыту мүмкін емес», дейді Мүгүлсім Нарынбайқызы. «Тыныштық, бейбітшілік – бәрінен қымбат. Енді ешқашан соғыс болмаса екен» деп тілейді тоқсанның төріндегі еңбек ардагері. «Бар бақыттың бастауы – еңбекте. Сол еңбектің арқасында жауды жеңдік, осындай керемет мемлекет қалыптастырдық. Ел үшін еңбек етіндер!» деп батасын берген кейуанамыз «Айтқаныңыз келсін!» деп, біз де қимай қоштастық.

Иә, қанша тауқымет тартса да берілмеген, еңбекпен есейген Мүгүлсім Нарынбайқызының өнегеге толы өмір жолы кім-кімге де үлгі боларлықтай! Оның ел басына күн туған қиын күндер мен ауыр тағдырға берілмей жүріп жакқан өмір оты ұрпақтары барда еш сөнбек емес. Ол ғасырдан ғасырға жалғасып кете береді.

Жүз жасаныз, ардақты әжей!

Нұрсұлтан МЫҚТЫБАЙ,
журналист,
Астана қаласы.

Қостанай туристік аймаққа айнала ма?

Жуырда Қостанай облысы Науырзым ауданы Қараменді селосында орналасқан «Сырға толы Науырзым» келу орталығының мәжіліс залында «ЕХРО-2017» халықаралық көрмесінің қарсаңында конференция өтті. Ақпараттық тур аясында өткен іс-шараны Қостанай қаласындағы «BEST.kz» деп аталатын туристік компаниясы ұйымдастырды. Жиынға әртүрлі туристік компаниялардың мамандары мен жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары қатысты.

Конференцияда алғаш боп сөз алған «Астана «ЕХРО-2017» ҰК» АҚ-ның туризм және насихаттау департаментінің өкілі Даниел Сержанұлы келесі жылғы өтетін халықаралық көрме жұмыстарымен таныстырды. Сондай-ақ, 5 миллион қонақты күту үшін жасалып жатқан кешенді шараларды көрсетті. Негізгі мақсат – аталған жұмыстарға қостанайлық туроператорларды жұмылдыру. Сонымен қатар оларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыру жолдары мен алдын ала дайындық жұмыстарын пысықтау. Оның айтуынша Қостанай облысымен іргелес жатқан Ресей Федерациясының 13 ауданында тұратын 28,4 млн тұрғын арасынан туристер тартып, оларға қызмет көрсетудің өзі үлкен жауапкершілік жүктейді. Бұдан бөлек басқа да елден келушілерге астаналықтар Қазақстанның әр жеріндегі туристік нысандарды ұсынбақ екен. Одан әрі түрлі турагенттіктер өздерінің жұмыстарымен таныстырды. Көптің асыға күткені «Тылсым Торғайға саяхат» жобасы жайлы презентация болатын. Бұл жайында бізге «САНАИБ» ЖК бастығының орынбасары Амандық Әмірхамзин айтып берді. Олардың жұмысы енді-енді қарқын алып келеді. Кезекті тур 1-6 шілде аралығында болмақ. Тұрақты маршруттары мен жоспарлары бар. Торғай даласындағы ерекше жерлерді аралатып, көшпенді бабаларымыздың дәстүр-тұрмысынан сусындауға да мүмкіндіктер қарастырылған. Тіпті, ниеті бар туристер үшін киіз үй жабдықтарымен таныстырып, оның құру үлгісін де үйретеді. Атқа мініп, балық аулау сияқты демалыс түрлері қарастырылған. Амандық Әмірхамзиннің айтуынша, туристерді тағы бір қызықтыратын нәрсе «Торғай геоглифтері». Ал оны өз көзіңізбен көргіңіз келсе мүмкіндікті жіберіп алмауға тиіссіз. Бірақ, бір ғана кемшілігі Қостанай облысы аумағында жөнді инфраструктура жоқ. Дегенмен мұның бәрін болашақтың еншісіне қалдыра тұрғанымыз жөн сияқты. Сондай-ақ, бұған қарамастан облыс орталығында орналасқан, бірқалыпты даму процесі бар демалыс орындары жұмыс істеуде. Бір ғана мысал «Сосновы бор». Бұған мемлекеттік «На-



уырзым қорығын» да жатқызуға болады.

Жиын соңында «Золотая рыба» турбазасының бастығы өз жұмыстарын көрсетіп, жиналған қауымның сұрақтарына жауап берді. Сондай-ақ Қостанай облысы әкімдігіне қарасты тұлғаны рухани-адамгершілік дамыту-өзін-өзі тану бөлімінің басшысы Морозенко Светлана мектеп оқушыларының саяхатын ұйымдастыру жөнінде баяндама жасады. Тағы бір ескере кететін дүние, конференция барысында туристік компаниялардың «экологиялық таңбалау» лицензиялары жайында. Экологиялық таза өнім халықаралық академиясы Қазақстан нарығында бұрынна келе жатыр. Бұл да «ЕХРО-2017» көрмесіне тақырыбымен үндес жоба. Бұл дегеніміз - алдағы уақытта туристік орындарда эко-қонақ үйлер мен эко таксилердің қызметі де қарастырылуға тиіс деген сөз. Ал «Қостанай облысының экскурсиялық бюросы» тақырыбындағы презентациямен таныстырған Новодворской Наталия кездесу нүктесін қойып, сұрақ-жауапқа кезек берді.

Бұл шараның мақсаты өңірдің турагенттіктері атқарып жатқан жұмыстармен танысып, бүгінгі әлеуетін байқап көру болатын. Осының нәтижесінде туристік саланы қолға алып жүрген кәсіпкерлер бірібірімен жақынырақ танысып, ой-пікір алмасты.

Одан кейін қатысушылар Науырзым қорығына саяхат жасау мүмкіндігіне ие болғанын айта кетейін.

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ,
ГӘФ журналистика мамандығының
3-курс студенті.

Суреттерде: «Науырзым қорығының»
көріністері;

Өзгермесең-көштен қаласың

Өмір – алмасып жатқан күн мен түн және саған бір-ақ рет берілетін үлкен мүмкіндік. Оны қалай пайдаланамын десең де өз еркің. Тек тура жолдан тайып, адаспасаң болғаны.

Бәріміз де шағын ғана ауылдан шыққан қарапайым ғана қазақтың қара домалақ ұл-қыздарымыз. Біздің тәрбиемізден әлі де ауылдың исі аңқып тұр. Әттең, қала тұрғындарына бұл сөз таңсық. Түптің түбінде кіндік қаның тамған жер сол ауыл болып шығары сөзсіз. Ауыл адамдары қандай қарапайым, ақжарқын десеңші. Бір-бірімен тату, туыс, қашанда амандығы түзу. Жүздері мен жүректері де мейірімділікке толы. Сол жандар қалаға барса, сол шаһардың тұрғынына айналса не болады, кім болады? Әрине, ауылдан келген қалалық, кейін келе нағыз қалалық болып шығады. Өзі тап болған ортасына қарай өзгереді. Заман талабы солай болар. Технология қарыштап дамыған уақытта ілесе білу де оңай емес. Сондықтан адамдар бірін-бірі аямайды, бәрінде бәсекелестік, қатігездік, жүздерінде суықтық қана қалғандай. Сен үндемей жүрсең сорлысың, құрмет көрсетсең ақымақсың, жақсылық жасасаң жындысың. Дөрекі айтылса да, шындық солай. Бұдан кейін қалай өзгермейсің, бұлай жүре берсең шын мәнінде көштен қаласың. Жан дүниең де өзгеріске дайындалады. Қызық, осының бәріне не себеп болады екен? Өмірдің мәнін түсінбегеннен бе?

Адамның жан дүниесін терең зерттеген психолог ғалымдар мынадай анық ақиқатты байқаған. Жас адам саналы ғұмырын бастамай жатып ауыр трагедияға ұрынып, оның бағалы тағдыры қайғы мен қасіретке айналғанда түпкі себебі біреу деген. Жап-жас өрімдей жігіт немесе қыз баласы өзінің өмірге не үшін келіп, не үшін өмір сүру керек екенін ұмытып, ақылы шатасқанда оның тағдыры қайғы мен мұңға тола бастайды. Сондықтан кез келген қоғамдық дерттен жас ұрпақты аман алып қалу үшін оларға өмірдің мәні мен тіршіліктің ақиқат тірегі туралы шындықтарды анықтап беру ең маңызды шаруа. Күндердің күнінде белгілі бір өткелге жеткен кезде кез-келген адам баласын «Адам не үшін өмір сүреді?» деген сұрақ мазалайды. Бұл сұрақ кез-келген екі аяқты ақылды пенденің отыз жастың орта шеніне келгенде сүрінетін сауалы. Иа, бәлкім мұның да әсері бар шығар. Ойлай-ойлай ой түбіне жете алмайсың. Тек шешім дұрыс қабылданып, алға қойған мақсат айқын болуы қажет. Сонда ғана, өміріңді кірлетпей, адал әрі бақытты өмір кешетін боласың.

Адамның өміріне лас заттар көп араласа

беретін болса, адамның денесіндегі таза, пәк жан жаман күнәлерға белшеден бата беруден бас тартып қашады. Орыстың психолог ғалымы Леонтьев «ащы кәмпит феномені» деп аталатын тәжірибие жасаған. Мектеп жасына толмаған сәбиге екі түрлі міндет жүктейді. Бала бұл жұмыстарды бір орында қаққан қазықтай қозғалмай, шағын шеңбердің аясында орындауы шарт. Бірақ бұл мүлде мүмкін емес еді. Бала тапсырманы бір жерден екінші бір жерге қозғалғанда ғана орындай алады. Егер бала тапсырылған міндетті бір орында бұлжытпай орындаса, ақысына тәтті кәмпит алады. Бірақ бала әрі ойланып бері ойланып, тапсырма тек қозғалған жағдайда ғана толық бітетінін түсінеді. Енді тәжірибие жасаушы ғалым бөлмеге сәбиді жалғыз қалдырып, өзі сырттан бақыламақ болады да бір сылтау айтып бөлмеден шығып кетеді. Осы сәтті пайдаланған сәби шартты бұзып, жылжып барып айтқан тапсырманы орындайды. Артынша ғалым бөлмеге кіріп, ештеме байқамаған кісіше, тапсырманы тексереді де, риза болған кейіпте уәде бойынша балаға тәтті кәмпитті ұсынады. Ең қызығы жаңа ғана өте маңызды болып көрінген тәтті кәмпиттің табан астында сәби үшін мәні жоғалады. Ол арам жолмен табылып тұрған тәтті кәмпитті жеуден түбегейлі бас тартады. Мұндай сәтте кейбір жаны нәзік сәбилер жылап та жіберуі мүмкін. Әлі дүние кірімен былғанбаған баланың таза жаны әділетсіз жолмен келген тәтті кәмпитті ала алмай қатты қиналады. Міне осылайша әр істелген іс тек адалдық пен тазалықтың негізінде мәнге ие болады.

«Өмірдің мағынасы барынша рахат көру» дейді біреулер. Қолыңнан келсе, қонышыңнан бас. Амалын тапсаң азаптан қаш та, жеңіл жолмен бұл өмірдің ләззатына бөленіп жата бер. Күні қазірге дейін өмірдің мәнін осылай кері түсіндіретін саяз адамдар қоғамда жетіп артылады. Бірақ, сондай жандар өмірдің көшіне ілесуде. Дегенмен, жер бетіндегі пенденің бәрі «Адам» деген атты иемденгісі келеді. Ол үшін сөзің мен ісің сай болсын. Бәріміз де «адам» деген атқа лайық болайық!

P.S: Бозбала кезіңнен қартайып шау тартқанша сенің міндетің, адамдық борышың - адам ұрпағына қуаныш пен шаттық силау. Кез келген адамның баласына жаның ашып, оның нәсіліне, ұлтына, түріне, дініне, тіліне қарамастан оларға адал қызмет етіп, еткен қызметіңе мақтау, ақы күтпестен бақытты сезімде жүру өмірдің негізгі мәні болып табылмақ!

**Арайлым ҚАБИМОЛДАҚЫЗЫ,
ГӘФ журналистика мамандығының
2-курс студенті.**

Ел бірлігі – ең асыл қасиет

Әр халықтың тағдыры және өркенетінінің дамуы, осы әртүрлі тарихи оқиғалармен байланысты. Ұлы жібек жолынан бастап біз өзге халықтардың өркенеті, мәдениеті және әдебиетімен таныс болғанымыз рас. Халқымыз 2015 жылы өз мемлекетінің құрылғанына 550 жыл толуын дүбірлі тоймен атап өтті.

Сан ғасырлардың, талай тарихи оқиғалардың куәсі болған көне Тараз, ел ордасы Ұлытауда тағыда басқа қалаларда өткен мәслихаттар еліміздің өз тарихын құрметтеуі, өткенді ұмытпауының куәсі. Әлемде мыңдаған ұлттардың ішінде бір-бірінен кемі жоқ. Әр халық өзінің өткен тарихын, өзінің ұлы тұлғаларын құрметтейді. Бұл заңды нәрсе. Өткен тарихқа терең үңілсек қазақ халқымен қатар армян, ноғай, ойрат, америка үндістері сияқты халықтар адамзат тарихында өз ізін қалдырды. Бірақ, өкінішке қарай, тарихи оқиғалардың әр түрлі себебімен бір халықтар өсіп, екіншісі өшіп тынды. Қазіргі уақытта жаңа құрлықта өз өркеніетін құрған үндістер ізім-қайым жоғалудың алдында қалды. Армяндар өз ата қонысының жартысының көбінен айырылды. Ноғай мен Ойраттардан қалған ұрпақтың саны да бірең-саран. Осы уақытта өз жерін сақтап қалған, жүздеген жылдан кейін отаршылдық бұғауынан құтылып егеменді ел құрған қазақ халқы екенін зор мақтанышпен айта аламыз. Тарихшы Мұхаммет Қайдар Дулати Қазақ хандығының құрылған уақытты хиджраның 870 жылы деп атайды. Батыс Жетісуда Шу мен Талас өзендерінің ортасында құрылған осы хандық Еуразияның аймағында геополитикалық саясатқа жаңа бір леп әкелді. Ең бастысы, олар шығысқа қарай бет алған ойрат тайпаларының алдында алынбас қамал ретінде құрылды. Шын мәнінде Қазақ хандығы кіндік Азиядағы мұсылман өркениетінде шығыстағы ойраттарға, солтүстіктегі орыс мемлекетіне алынбас қалқан болды. XV ғасырдың соңында Еуропа елінің теңізшілері жаңа құрлық пен Үндістанға жетті. Сонымен, отаршылдық дәуірі басталды. Шығыс Еу-



ропада Алтын орданың бұғауынан құтылған Ресей біртіндеп шығыс ұлттарға ауыз сала бастады. 1552 жылы Қазан қаласын алған Ресей әскерлері төрт жылдан кейін Хадж Тарханды алды. Араға 30 жыл салып Сібір хандығы құлады. Ал сол уақытта Дешті-Қыпшақ даласында үлкен өзгерістер болып жатты. 1428 жылы Ақ орданың соңғы ханы Барақ қаза тапты. Кейін таққа Шайбан ұрпағынан шыққан 17 жасар Әбілқайыр отырды. Бірақ оның билігі тым әлсіз еді. Осы уақытта, 1457 жылы кіндік Азияда мұсылман әлеміне ойламаған қатер төнді. Бұл қатер Моғолстан хандығын баса көктей өткен ойраттар еді. 1457 жылы Сығанақ қаласының түбінде болған қырғын шайқаста Әбілқайыр хан Ұлы Темір басқарған ойрат қолынан оңбай жеңіліске ұшырады. Осы оқиға шындап келгенде тек қана Дешті-Қыпшақ емес, бүкіл кіндік

Азия мұсылман өркениетіне төнген қауіптің басы болатын. Осы оқиғадан кейін он жыл өтпей орыс ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей алғашқы қазақ хандығының туын көтерді.

Өзбек-қазақ қауымдастығын этносаяси тұрғыдан нығайта түскен тағы бір маңызды нәрсе, Әбілқайыр өлген соң Өзбек мемлекетінде бүліншіліктер басталып, ондағы ру тайпалар Қазақ хандығына көшіп келе бастады. Мұның өзі өзбек-қазақ елінің Дешті-Қыпшақта тәуелсіз мемлекетті орнықтыруына жаңа мүмкіндіктер ашты. Жәнібектің бір орталыққа бағынатын хандықты нығайтудағы рөлі үстем. Сондықтан да, дәстүрлі деректердің бәрі Жәнібектің қазақтың алғашқы ханы деп көрсетеді. Ол бұл жолда, әсіресе тайпалық көсемдердің бытыраңқылығын, билік құмарлығын шектеуге күш салады. Сондықтан да, оның есіміне билер «Өзіз», яғни «Бәрінен үстем», деген сөздерді тіркеді. Қазақ билері мұндай жоғарғы мәртебені Жәнібектен кейін Тәукеге ғана бергені белгілі.

Қазақ хандығының құрылуы шын мәнінде 300 жылға созылған. Қазақ-ойрат соғысының басталуымен сәйкес келеді. Үш ғасырға созылған осы қырғын соғыста басты маңызы қазақтардың тек қана дербестігімен ұлттылығын сақтап қалғаны ғана емес, оның бір басты маңызы еліміздің өз кеудесімен өзбек, қырғыз, қарақалпақ, тәжік халықтарын өз кеудесімен Ойрат шапқыншылығынан құтқарғаны. Сол бір кезең туралы қазақтың көрнекті жазушысы, білгір тарихшы Мұқтар Мағауин «Орталық Азиядағы үстемдік үшін күрескен екі халық арасындағы кенеусіз ұрыстар 1520 жылдары басталып, ара тұра аз ғана үзілістермен 1758 жылға дейін, яғни, екі ғасырдан астам уақытқа созылды. Екі елдің де барлық күш-қуатын қалмаған, эканомикалық және рухани дамуын тежеп, тікелей ұрыстарда мыңдаған адамының қанын төгіп, халықтардың табиғи өсімін бір жолата шектеген екі жүз жылдық соғыс нәтижесінде ойрат жұрты ажал қақпасынан аттап, жер бетінен мүлдем жоғалды, ал қазақ жұрты құлдық қақпасынан аттап, отарлық кейіпке түсті» - деп, жазды.

Шын мәнінде, Орта Азия өркениетін сақтап қалуы қазақтар үшін зор апат болды. Шәкарім Құдайбердінің жазуынша, қазақ халқының 5/2 жоғалды. Осыған ұқсас мәліметтерді демограф Мақаш Тәттімов растайды. Бұл тарихи шындық. Тарихи деректерге сүйенсек, XVII ғасырдың II жартысынан бастап Ойрат мемлекеті құлағанша Орталық Азияда оларға қарсы тұратын бірде-бір қарулы күш болған жоқ. Жалғыз ғана күш ол қазақтар еді. Бұқара, Хиуа одан кейін пайда болған Қоқан

мемлекеттері өз-өздерімен қырылысып жеңілгеннің олжасына айналған еді. Мысалы: олардың қолында ірі қарулы күштер болса осы хандықтар Ақтабан шұбырынды кезінде-ақ қазақтарды отарлап алушы еді және Ойраттарды Мауренахыр жеріне аяқ бастырмас еді. Бірақ ондай күш оларда болмады. Осы аталған хандықтар жаудан жеңіліп безіп келе жатқан қазақтарды да тоқтатуға күші болмады. Самарқан, Хиуа қалалар қазақтардың босқындарына төтеп бере алмауы осыған куә. Іс жүзінде қазақ хандығы тарихта кездесетіні сирек феноменді жасады.

Сақ, ғұн, сарматтардың батыр ұрпақтарының ерлігі тарихта ескерусіз қалды. Тарихта бұндай оқиғаларда болады. Ұлы Еуразиялық Лев Гумилев қытайлықтардың Еуропаға жетуіне ғұндар кедергі болды деп санаса, Рим әскерінің Қытай әскеріне қарсы еш қауқары жоғын Талас бойындағы соғыс анық көрсетті. Сонда да, Еуропалықтар көшпенділерге жақсы атақ бермеді. Еуроцентризм аталған бізге жат идеология басталуы сол кезде қалыптаса бастамағанына кім кепіл? Өкінішке қарай, осыған ұқсас жағдай XIX ғасырдың басында да қалыптасты.

Өзім асыраған күшігім, өзімді қапты деген дәуір басталды. Мыңдаған қазақ балалары құлдыққа сатылып, мыңдағаны өлтірілді. Бірақ батыр халық бұл қырғыннан да аман шықты. Абылай хан дүниеден озған соң кейін ауыз бірлігінен айырылған қазақ сексен жылға жуық Ресей басқыншылығынан, шын мәнінде, мұсылман өркениетін қорғап тұрды. Кенесары, Есенгелді, Саржан, Жанқожа, Есет, Бекет, Исатай, Маханбет қозғалыстары тек қана Қазақ хандығын емес Орталық Азия өркениетінің мүдесі үшін болған қозғалыстар еді. Екі жарым ғасыр бойы солтүстіктен ентелеген орыс қазақтар ұстап тұрса Орта Азиялық үш хандық не бары 9 жыл ғана қарсылық көрсетуге шамасы жетті (1864-1873). Кенесарының қозғалысын (1837-1847) жаныштау үшін Ресей империясының он жыл уақыты кетті. Қозғалысты басуға Орынбор, Сібір орыс казактары, тұрақты армия бөлімдері, қазақ сұлтандарының жасақтары қимыл жасады. Ал орталық Азияны жаулап алған әскерлердің саны шын мәнінде 5 мыңнан аспайтын және жоғарыда айтылғандай Орталық Азияны жаулап алуға тоғыз-ақ жыл уақыт кетті. Осының өзі қазақтардың болат қалқаны Орталық Азияның халықтарына солтүстіктенде, шығыстанда берік қорған болғанының дәлелі еді.

**Айсұлу ЗИМИНА,
ГӘФ журналистика мамандығының
1-курс студенті.**

Тәуелсіздіктің 20 жылына арналған



А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың философия кафедрасының профессоры Қалқаман Жақыпты білмейтін студент, танымайтын оқытушы кем де кем. Оның салауатты өмір салтын насихаттаудағы еңбегі облыс жұртшылығына кеңінен таныс. Сондай-ақ Қостанайдағы тіл жанашыры ретінде де белгілі. Ел бірлігі, қазақстандық патриотизм ұрандарын жас ұрпаққа түсіндіруде үлкен шаруаларды қолға алды. Жуырда оқытушымыздың татулықты, тұрақтылықты арқау еткен жаңа туындысының тұсауы кесілді. Қалқаман ағаймен арнайы кездесіп, қалың оқырманға жол тартқан жаңа кітап туралы сұхбаттасқан едік.

- Кітапқа арқау болған тақырыптарға тоқталсаңыз?

- Бұл кітап өзімнің ғылыми әрі философиялық тұрғыдан алғандағы тақырыбым – Кеңес үкіметі кезіндегі ұлт, ұлтаралық қарым-қатынас болатын. Кезінде, осыдан 20-25 жыл бұрынғы уақыттарда Отан,

мемлекет, ұлтаралық қарым-қатынас, сондай-ақ біраз онамастика мәселесі мен көші-қон мәселесі бар және диоспара, қазақстандық патриотизм, ұлттың өзегі болып табылатын тіл төңірегіндегі әртүрлі басылымдарда, атап айтатын болсақ, облыстық «Қостанай таңы», «Қостанайский новости», «Қостанай» кейінгі қалалық «Наш Костанай» газеттері мен ғылыми жинақтарда жарық көрген материалдарым жинақталған. Сол жазылған мақалалар мен айтылған ойларды ақырындап жинай беріппін. Басылымдарға шыққан дүниелерім бір кітапқа топтастырылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясында Ғылыми сараптама тобының мүшесі есебінде мен шақырылған болатынымын, қоғамдық негізде сонда жұмыс жасап жүрміз. Ғылыми сараптамалық топ Қостанай қаласындағы қоғамдық келісім мемлекеттік мекемесі деп аталады. Достық үйі дейді, келісім үйі дейді, қазір ресми түрде президенттің әкімшілігінің қарамағындағы «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекеме болып саналады. Сол жердегі қызметкерлер менің атқарған жұмыстарыммен таныс болса керек, сіз түрлі тақырыптарда біраз жазып жүрдіңіз, сол турасындағы мақалаларыңызды жинап алып келсеңіз Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына, ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына кітап шығарайық деген бастама көтерді. Жақсы ойды мен де құптадым. Сөйтіп жарық көрген кітап. Соның тұсаукесері өзіміздің топта болды. Іс-шара қатысушыларының тарапынан әртүрлі сұрақтар қойылды. Басылымдарға жарияланған мақалалардың ішінен бір сөз алған жоқпың, бір сөз қосқан жоқпын. Мұндағы дүниелер болашақта аз да болсын қажеттілікке жарайтынына сенімдімін. Себебі мұнда жалпы және өңірлік мәселелер де қарастырылған. Соның ішінде мысалға, 1994 жылғы «Единство целей общие задачи» деген мақала ғылыми жинақта шыққан болатын. Сонда мен айтқанмын «келісім үйін құру керек» деп, достық үйін емес, келісім! Сол, міне, шынында да 20 жылдан кейін «Қоғамдық келісім» болып дүниеге келіп отыр. Сол сияқты мәселелер осы кітапта топтастырылған, жинақталған. Міне осы тұрғыдан келді-дағы кішкентай ғана еңбек ретінде жарық көрді. Бұл енді елдің-жердің тарихы емес. Дегенмен де, ұлттық негізде, саяси тұрғыдағы ойлар есебінде дүниеге келген нәрсе.

- Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы маңызы қандай, ол бізге не үшін керек?

- Қазақстан халқы Ассамблеясы – өмірдің қажеттілігінен, қоғамның сұранысынан дүниеге келіп отырған ұйым. Неге дейсіз ғой. Әр түрлі тарихи жағдайларға байланысты қазақ жері көп этносты мемлекет болып бір ғасыр төңірегінде қалыптасып үлгерді.

Жыл сайын аталған ұйымның Елбасының басқаруымен сессиясы өтеді. Сондай жиындардың бірінде Президент: «Қазақстан елі, қазақ елі, қазақ жері тек қана соңғы ғасырда көп ұлттық мекеніне

айналды. Бұған дейін тек қана қазақтар тұрған» деп айтқан болатын. Ал енді, мінекей, осылай біз қалыптастық. Қазір Қазақстанда 100-ден астам этнос өкілдері өмір сүріп жатыр. Біз ширек ғасыр бұрын Кеңес Одағы деген империяның бір бөлігі болдық. Сол үкіметте 70 жылдай бірге өмір сүрдік, бірге қызмет істедік. 1991 жылы алып империя ыдырады. Әрбір ел өзінің бостандығын ала бастады. Сөйтіп Қазақстан да тәуелсіз ел ретінде қалыптаса бастады. Енді алда тұрған үлкен бір мәселе болды. Ол экономикалық мәселе емес, ол саяси мәселе емес, ол рухани мәселе емес, әлеуметтік мәселе де емес, ең бірінші кезекте халық абдырап қалды. Өйткені, бір жолмен, бір ізбен келе жатып, жалт етіп басқа бағытқа бұрылып кетті. Жол жоқ, кім қайда барарын білмейді. Халық абдыраған күйде, әсіресе, басқа ұлттың өкілдері. Ол заңды да. «Енді біз не істейміз?», «Біздің күніміз не болмақ?» - деген оймен біразы өздерінің тарихи отандарына жол салып кете барады. Неміс Германияға, орыс Ресейге деген сияқты. Осында қалған өзге этнос өкілдері Қазақстанды Отаным деп санап, өмірдің ауыртпашылығын бірге көтереміз, жеңісін бірге тойлады. Елбасының салиқалы саясатының арқасында барлық өзге ұлт өкілдері тең құқылы өмір сүрді. Ұлт көшбасшысы 1995 жылыдың бірінші наурызында Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылсын деген жарлыққа қол қояды.

Ол кезде өз басым Қостанай облыстық тіл басқармасының басшысы болып тағайындалған кезім. Атай кеткен жөн, жалпы қазақ мемлекеттілігінің тарихында тіл басқармасы деген болмаған, денсаулық, білім беру, мәдениет, ауылшаруашылық басқармалары болған, ал тіл басқармасы болған жоқ. Ол жерде үш жылдан артық жұмыс істедім. Содан соң маған облыстық әкімшіліктен әлгіндей құжат келеді. ҚХА құрылған екен оның ішінде кіші ассамблея облыстық ҚХА-сы қоғамдық негізде кеңестік ұйым болып қана саналады. Кейін дами келе, өрлей келе, ревалюциялық жолмен мықты құқықтық, қоғамдық және саяси конституциялық құқыққа дейін өсіп, шыңдалады. Бүгінгі таңда ҚХА біздің еліміздегі саяси жүйеден ойып тұрып орын алған заңды мекемеге айналып отыр. Ұлтаралық, этносаралық, дінаралық мәселелердің барлығы осы ҚХА арқылы өтеді, жүргізіледі, жоспарланады. Сөйтіп жақында Қазақстан елінің бірегейлігі мен бірлігі туралы және «ҚХА-ның 2025 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы» дүниеге келеді. Осындай тарихи құнды деректердің негізінде Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің жұмысын тиімді жасап жатыр. Айта кететін бір нәрсе ҚХА мұндай ұйым басқа мемлекеттерде жоқ, бұған ұқсас бар. Бірақ дәл мұндай емес. Сондықтан да 2007 жылы ҚХА Біріккен ұлттар Ассамблеясында тұсаукесерін өткізеді. Осылайша ҚХА әлемдік деңгейдегі адамзатқа өте пайдалы, тиімді ұйым болып саналды. Бүгінде Қазақстан халық Ассамблеясын әлем танып отыр. Ал оның тиімділігі мен жұмысын күнделікті өмірдің өзі көрсетіп отыр. Аллаға шүкір, жиырма бес жыл бойына этносаралық, дінаралық қақтығыстар болған емес. Елбасының саясаты мен ҚХА-ның жұмысы арқасында алдағы уақытта да осылай бола бермек. Президент Н.Ә.Назарбаевтың ҚХА-ның төрағасы екенін өзіңіз де білесіз.

ҚХА-ның негізгі мақсаты – қазақ халқының топтастырушы ролі негізінде қазақстандық бірегейлікті және бәсекелестікке төтеп бере алатын ұлтты қалыптастыру. Сондай-ақ этносаралық түсіністікті, татулықты қамтамасыз ету, соған атсалысу. Міндеті: аталған мақсатқа жету үшін көптеген іс-шаралар өмірге келіп жатыр, сол іс-шараларды төзімділікке, толеранттылыққа, бірлік пен ынтымақтастыққа, түсіністікке үндейтін ғана емес күнделікті өмірде соны қалай пайдалану керектігін, соны сақтап дамыту үшін, жас ұрпаққа жеткізу үшін жасалатын іс-әрекеттерді бір жағынан мемлекеттік мекемелер, екінші жағынан қоғамдық мекемелер, үкіметтік емес мекемелер болып бірігіп осыларды тиімді атқара білу.

- Бұрын-соңды болмаған тіл басқармасында қызмет атқардым деп айтып кеттіңіз. Осы саладан білген-көргеніңіз көп. Екпінді тіл мәселесіне түсірелік.

- Қазақ тілінің жағдайы көбінесе салыстырумен танылады. Артта қалған 10-20 жылмен салыстырғанда бүгінгі таңда көп ілгеріміз. Олай дейтін себебім 1992 жылы 6 тамызда пединституттың негізінде университет құрылатын болды да, бірінші оқу бөлімінің басшысы мен болып тағайындалдым. Қазақ топтарын ашу керек болды. Студенттермен қатар оқытушылар да жинау керек еді. Сондай кезде ақшаға емес, жүрек қалауларымен келіп қатардан табылған аға-апаларыңыз болды. Кейіннен мемлекеттік тілде оқу орындары ашыла бастады.

Әрине, проблема бар. Мәселе сыртта емес, ішімізде. Мына маған да, саған да, анау Марат пен Айнұрға да қазақша сөйлеме деп жатқан кім бар? Конституциямызда тіл туралы заң бар. Біз өзіміз түгілі басқа ұлт өкілдері үйреніп жатыр. Менің ұғымымда сырттағы объективті түрдегі мәселені көріп тұрған жоқпын. Бәрі өзімізден. Тағы қайталап айтамын қазақ халқы топтастырушы ұлт. Сондықтан әуелі өзіміз үлгі бола білуіміз керек.

Қазақ балалары бір-бірімен қазақша сөйлесуі қажет. Тіпті қазір өзге ұлт өкілдері өзара қазақша сөйлесетін халге келе жатырмыз. Міне, мен қазір соның ұшқынын көріп жүрмін.

- Ұлттық идеология туралы пікіріңіз.

- Қандай да бір мемлекеттің өзіндік идеологиясы болады. Ал біздің бүгінгі идеология – Мәңгілік ел идеологиясы. Ең алғашқы рет Елбасы Қазақстанның 2050 жылға дейінгі стратегиясымен байланыстыра «Мәңгілік ел» жайлы ойды айтқан болатын. Енді сол идея бүгін мемлекетіміздің идеологиясы болып отыр. Сөйтіп Ұлт жоспары, 100 нақты қадам, бес институционалдық реформасы және соның төртінші реформасы бірегейлік пен бірлікке арналған. Сол төртінші реформаның өзіндік төрт бағытын атап өткім келіп отыр 1.жалпы ұлттық патриоттық идеясы;

2.құқық: азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік

3. мәдени, тілдік, діни әралуандылық.

4.ұрпақтар сабақтастығы.

Мұның бәрін идеологиялық құрылым ретінде қарастыруға болады.

**Сұхбаттасқан Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ,
ГӘФ журналистика мамандығының
3-курс студенті.**

Ата кәсіп – ұрпаққа нәсіп

Біз, қазақ деген мал баққан елміз. Ата-бабамыз төрт түлікке жайлы жер іздеумен қыс қыстауда, жаз жайлауда болған. Бүгінде үлкен ғылымға айналып, халыққа тиімділігін көрсетіп, сұраныста жүрген мамндықтың бірі — мал дәрігерлігі. Ауыл балалары сол төрт түліктің қыр-сырын жазбай біледі. Шалғай жатқан аудандардан келіп, білім алып жүрген студенттер көп. Ссолардың бірі - сұранысқа ие, алайда, көпшілік таңдай қоймайтын мамандықта оқып жүрген ҚМУ-дың студенті Марат Қабденов. Ол өзінің таңдаған мамандығын мақтан тұтады.

- Марат, бұл мамандықты таңдауыңа не себеп болды?

- Таңның атысымен қой-ешкі, сиырларды өріске айдап, кешке келгенде күтіп алып, келмегендерін іздеп, көрші үйдің қорасын жағалап келеміз. Сөйтіп жүріп ер жеттік. Күнде көретіміз осы тірлік. Ата-анам да жастайынан мал баққын кісілер. Отбасыммен ақылдаса келе осы мамандықты таңдадым. Себебі, мен тұратын Аманкелді ауданында мал ұстайтын тұрғындар көп. Ауданда мал шаруашылығы саласына көп көңіл бөледі. Болашақта жұмыссыз қалмасыма да сенімдімін. Үлкен лаборатория да салынуда. Игеріп кетуіме де жеңіл болды. Кішкентайымнан көріп өскен кәсіп қой. Мамандықтың жаманы жоқ. Сол істің шебері болу өзіңе байланысты.

- Ғылыми зерттеулер жасап көрдің бе?

- Иә, ондай оқиғалар болды. Үй жануарларынан басқа дала хайуандарын да көрдім. Оларға түрлі тәжірибелер жасаймыз. Таң қаларлығы, өздерінің генетикалық бұзылуларынан екі басты бұзау, көп аяқты торайлар да дүниеге келеді екен. Алайда, олар ұзақ өмір сүре алмайды. Бар болғаны 15-20 минут қана. Біздің университетімізде сондай жануарлардың арнайы қатырылған экспонаттары бар. Мысық, күшік, көгершіндер сияқты жараланған жануарларды емдеп жазған кездерім де болды.

- Марат, қазіргі ізденістерің қуанып отыр. Болашақта қандай мақсаттарың бар?

- Биыл үшінші курста оқимын. Енді екі жылдан кейін қолыма дипломымды аламын. Алған білімімді ақтау үшін ауылға барып еңбек еткім келеді. Адамзаттың денсаулығы бірінші орында, сонымен қатар өмір сүрудің нормасын ұстап отырған жануарлар әлемі де маңызды құбылыс. Сол себепті, олардың түрлі ауруларды жұқтырып алмаулары үшін білікті мамандар керек-ақ. Сондай маманның бірі болғым келеді. Ауылға барып, туған жерімнің көркеюіне өз үлесімді қосқым келеді. Мамандығым - мақтанышым. Мал дәрігерлері сұранысқа ие болғандықтан, болашақ кәсібін таңдап жүрген замандастарыма айтарым



таңдау жасауда қателеспендер. Елім маған емес, мен еліме не беремін деген қағиданы ұстанған жөн.

Кенже ҚОНЫСБАЙ,
ГӘФ журналистика мамандығының
3-курс студенті.
Суретте: Марат Қабденов.

ҰЛЫ АҒАРТУШЫ Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ- ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ОЙЛАР

XIX ғасырдың адамзат тарихында ерекше орны бар. Ресей империясының бодандығына өткен елде, сол алып мемлекеттің шеңберінде жаңаша, негізінен, жерде отырып өмір сүру жолдарына икемделу, осы күрделі де қиын жағдайда халықтың өзін-өзі сақтап қалу мәселесі өмірдің алғышарттары ретінде тарихи сахнаға шықты. Қазақтың тарихында бұрын-соңды болмаған мұндай өткір бетбұрыс философия саласында ағартушылық ағымды тудырды.

Отандық ағартушылықтың негізгі ерекшеліктерінің бірі – рулық, одан әрі асса, ерте феодалдық қарым-қатынастағы, көшпенділік өмір салтын ұстаған халықты жаңа әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық жағдайда, болуы мүмкін апаттан аман сақтап қалып, оның сана-сезіміне жаңа құндылықтарды енгізу арқылы оны жерге тұрақтандыру болды. Өйткені көшпенділік өмір салтының негізгі факторы – жер көлемі – кедейленген орыс шаруаларын қазақ жеріне әкеліп отырғызу саясатының негізінде жылдан-жылға қысқара бастады. Ал мұның өзі күйзелісте тұрған көшпенділік мал шаруашылығын толығынан күйретіп, елде аштықпен қатар мыңдаған жылдар бойы созылып келген өмір салты, әдет-ғұрып құндылықтары адамдардың жан-дүниесінен ажыратыла бастады. Бұл біздің ата-бабаларымыздың мыңдаған жылдардағы тарихында болмаған «зар-заманды» тудырып, адамдар өз өмірінің мән-мағынасын жоғалтып, қазіргі тілмен айтқанда, экзистенциалдық вакуумге келіп тірелді. Қазақтың өзін-өзі жоғалту қаупі туды. Мұндай ахуалда көп жыраулар бұрынғы өткен өмірді көкседі. Алайда тарих өткен жолдарын қайталамайды, сондықтан өткенді ансау – тарихи түйықтыққа әкеліп тірейді. Мұны түсінген халық ағартушылары Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев секілді ұлы тұлғалар қазақты жаңа өмірге баулып, оны сауаттықты ашуға, білімге, еңбекқорлыққа, белсенді өмір салтына, жасампаздыққа шақырды (Кішібеков Д., Сыдықов Ұ. Философия. «Қарасай» б-сы, Алматы-2008ж. 112-бет). Көптеген елдерде революциялық-демократиялық қозғалыстар етек алды. Сол кезде басқа ұлт-аймақтардағы сияқты, қазақ жерінде де білімге, прогресске ұмтылған алдыңғы қатарлы ойшылдар осылайша шыға бастады. Біз оларды революционер-демократ, социалист-утопист демейміз. Олар қазақты революцияға шақырған жоқ, социализмді де армандаған емес. Әрине, мұнда жағдай басқаша болатын. Дегенмен, олар ағартушы-демократ ретінде тарихтан өздерінің лайықты орындарын алды (Мырзалы С. Философия/ XIX-ғас. Ағартушылық философия. «Бастау», Алматы-2008ж. 321-322 беттер). Және де, бүгінгі күндері олардың философиялық көзқарастары тек ғылымда ғана емес, саясатымыз бен мәдениетімізде де айтарлықтай қызығушылықтар туғызып отыр.

Солардың бірі, жерлесіміз Ыбырай Алтынсарин – қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы. Ол 1841 жылы қазіргі Қостанай облысы, Қостанай ауданындағы Арақарағай деген жерде дүниеге келді, ал 1889 жылы Тобыл өзенінің бойында дүниеден өтті. Орынбор шекара Комиссияның қазақ балалары үшін ашылған мектебінде 1850–1857 жылдары

оқып, оны үздік бітіріп шықты. Жастайынан туған әкесінен жетім қалып, Ыбырай үлкен әкесі Балғожа бидің қолында тәрбиеленді. Орынборда оқып жүрген немересі Ыбырайға жазған мына сәлем хатының үлкен тәрбиелік мәні болды. «Атамды сағындым деп асығарсың, сабаққа көңіл қойсаң басыларсың, Ата-ананды өнер білсең асырарсың, Надан боп білмей қалсаң, аһ ұрарсың». Ыбырай Орынборда оқып жүрген кезінен бастап, бұл өлкеде айдауда жүрген әртекті орыс зиялыларымен араласты, белгілі шығыс зерттеушісі В.Григорьевтен дәріс алды. Елге қайтып оралған соң халықтан қаржы жинап, мектеп үйін салуға кірісті. Мектеп 1864 жылдың қаңтарында ашылды. Өзінің мақсат-тілегін Ыбырай былай деп белгіледі: «Мен қазақ жастарының классикалық гимназияларда, ауыл шаруашылық академияларында оқып білім алуын, өз халқына қызмет етуін, жаңалықты іс жүзінде көрсете білуін жоғары мұрат деп білемін». Бала оқытып, тәрбиелеу жұмысында ол дүние жүзі педагогика классиктерінің идеяларын басшылыққа ала білді. Оған басшылық еткен Қазан университетінің профессоры, миссионер Н.И.Ильминский болды. Ол Ыбырайға орыс алфавитімен жазылған оқу құралын жасауды ұсынды. 1879 жылы Ыбырай төрт тараудан тұратын әйгілі «Киргизская хрестоматия» («Қазақ хрестоматиясын») кітабын жазды. Сонымен қатар көптеген әңгімелер, өлеңдер жазып, балаларды оқуға, білімге шақырды. Олардың біразы сол хрестоматияға енгізілді. «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңінде ол: «Сиса көйлек үстінде, тоқуменен табылған, Сауысқанның тамағы шоқуменен табылған, Өнер-білім, бәрі де оқуменен табылған. Кел балалар оқылық, Оқығанды көңілге, ықыласпен тоқылық», - деп жазды. Ыбырай «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» («Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку», Оренбург, 1879) атты 8 тараудан тұратын оқу кітабында «Зат есім», «Сан есім», «Үстеу мен жалғау», «Етістік» т.б. ұғымдарын тұңғыш рет енгізіп, талдап көрсетті. Ыбырай өз халқын мәдениетті, өнерлі елдердің қатарына қосуды арман етті. «Өнер, білім бар жұрттар, тастан сарай салғызды. Айшылық алыс жерлерден, көзінді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызды» деп жазды.

Ыбырай оқытушылық жұмыспен қатар халық училищелерінің инспекторы, Торғайдың уездік судьясы да болды. Алтынсариннің тікелей араласуын мектептер, интернаттар, училищелер ашылды, олардың жанынан халық қаражатымен кітапханалар ұйымдастырылды. Ыбырай надандыққа, сауатсыздыққа қарсы болып, қазақты еңбекке, білімге шақырды. Оған «Надандық», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Лұқпан Хакім», «Қыпшақ Сейітқұл» деген шығармалары дәлел болады. Мәселен, «Қыпшақ Сейітқұл» деген әңгімесінде Ы.Алтынсарин ағайынды екі адамды мысалға келтіреді. Сейітқұл егіншілікпен айналысып, егін егеді, саудамен, т.б. шұғылданады. Сөйтіп басқаларға өнеге көрсетеді. Екінші ұрлықпен айналысады. Ақыры өмірі қорлықпен өтеді. Өзін белгісіз біреулер Түркістан жакта өлтіріп кетеді, ұрлықпен жинаған дүниесі талан-таражға түседі. Сөйтіп Ыбырай халықты адалдыққа, еңбекке, отырықшылыққа шақырады, зиянды кертартпа әдеттерден безуді уағыздайды, арамдық жолдан сақтандырады. «Араз бол, кедей болсаң, ұрлықпенен, Кете

бар, кессе басың шындықпенен. Қорек тап бейнеттен де – төңірім жәрдем, Телмірме бір адамға мұндықпенен» деп халқына ақыл-кеңес берді. Сонымен бірге патша өкіметінің қазақ балаларының ішінен тілмаш тәрбиелеп шығармақ болған әрекетін сынап, қазақ еліне тілмаштық емес, өнер-білім керек екенін орыс тілінде жазылған мақалаларында талай рет атап айтты. Қазақтың кішіпейіл, білімге құштар, достыққа адал екенін айтып отырды.

Ыбырай қазаққа көшпелілік тұрмыстың тұсау болып отырғанын да атап көрсетті. Ол қазақтардың өмір бойы көшпелі тұрмыста қала беруін қуаттамаумен қатар, «халық өзінің даму жолында көшпелілік өмірден отыршылыққа ауыспай қоймайды» деп қорытты. «Халыққа білім беру, көзін ашу ісінің өзі осы отырқышылықпен тығыз байланысты» деді. «Қазақ көп ұзамай орыс мемлекетімен қоян-қолтық араласып кететін болады. Бұл жақындықтан ол тек қана бақыт табады және ол малшы болып қалмайды, сонымен қатар диқаншы да, Ресейдің қасиетті туы астында жақсы жауынгер де бола алады» деп жазды Ыбырай. Бірақ Ыбырай патша өкіметінің Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарында дала облыстарын басқару жөніндегі 1868 жылы қабылданбақ болған уақытша ережесін сынға алды. Оның қазақтың тұрмыс салтын, көшпелі өмір сүрген әдет-ғұрпын, шаруашылығын есепке алмай, оны күштеп отырқышылыққа айналдырмақшы болғанын, артық жерлерін тартып алып, Ресейдің орталық аудандарынан келген қоныс аударушыларға бермекші екенін бүкпесіз ашық сынады. Ы.Алтынсарин былай деп жазды: «Даланы мекендеген халықтардың өміріне жасанды түрде төңкеріс жасауға шешім қабылдас бұрын алдымен осы халықты және оның өмірін зерттеп білу ақылдырақ іс болмай ма? Бұл халықта отырқышылық үшін қандай алдын ала орындалған шарттар бар? және т.б. Сол сияқты мәселелерді күні бұрын алған дұрыс болмай ма? Мұның өзі ағат қадам жасамау үшін керек. Өйткені, бүгін бір халықтың өмір салтын күшпен өзгерту кейде нағыз қабілетті халықтың өзін де енжар селкос халыққа айналдырып жіберуі мүмкін. Башқұрт халқы осындай жағдайға душар болды деушілер көп. Шындығында, айналдыруға болмайды ғой» (XX-ғасыр басындағы қазақ философиясы. 20-томдық. «Аударма», Астана: 2008ж).

Ыбырайдың еңбектері, мақалалары, хаттары - оның дүниеге материалистік көзқарас тұрғысынан, тәжірибиелі қиялдық анықтаушы тұрғысынан жазылғанын байқатады. «Білім дегеніміз өзімізді қоршаған шындықты танып-білу» деп түйіндеді Ыбырай. Ол мектептегі діни-схоластикалық оқуға қарсы шықты. Өзі ашқан мектептерде оқу процесін осы тұрғыдан жүргізді. Бірақ ол ашық қарсылық көрсеткен жоқ. Кейбір шығармаларында оның құдайға сенуі де байқалады. Шарият мәселесінде, діни кітаптарды оқуға жеңіл болсын деп Ыбырай қазақ тілінде орыс әріптерімен жазып көрді. Жалпы алғанда, Ыбырай Алтынсарин өз заманындағы алдыңғы қатарлы ойшыл, адамгершіл, ағартушы, демократ болды. Ыбырай шығармаларының үш томдығы қазақ, орыс тілдерінде жарық көрген.

XIX-шы ғасырдың екінші жартысында пайда болған және қоғамдық сананың дамуына жол бастаған ағартушылық-демократиялық ой мәселесін қорытындылай айтар болсақ, оны мынадай методикалық және теориялық қағидалар негізінде көреміз:

Біріншіден, қарастырылып отырған ағартушылық идеология мәселесі нақты тарихи шындық. Ресейге қосылу, оның мәдениетімен танысу және сол арқылы европалық өркениеттен сусындау – Ресейдің қолы астында болғанымызбен, қазақ ағартушылығы дүниежүзілік ағартушылық ойдан оқшауланбай, керісінше, онымен ортақтастықта - XIX-ғасырдың екінші жартысы мен XX -

ғасырдың басындағы жалпыресейлік қозғалыстың ықпалы тиген дербес құбылыс ретінде дамыды.

Екіншіден, осы ағартушылық идеологияның басты ерекшелігі оның азаттыққа, бостандық пен теңдікке ұмтылыс ниетіндегі Совет өкіметіне дейін және сол өкімет тұсында өз мәнін жоймаған негізгі идеялық бағыт ретінде сақталынуында. Патша өкіметі мен сталиндік репрессия зардаптарын басынан өткізген, әділет пен шындық жолында қазақтың мұң-мұқтажын жоқтаған зиялы азаматтардың ұлттың санасын оятуға, білімге, оқу-ағартуға үндеген еңбектері қазақтың бостандығы мен теңдігі жолындағы күреспен тығыз байланысты болды.

Үшіншіден, қазақ ағартушылығы күрделі де қайшылыққа толы эволюциялық даму сатысынан өтті. Ол даму реакциялық идеялық бағыттармен күреске толы болды. XIX - ғасырдың екінші жартысы – XX-ғасырдың бас кезінің өн бойында ағартушы-демократтар исламның феодалды-клерикалды идеологиясымен және әр түрлі діни-мистикалық бағыттармен арпалысты. Қоғамдық-саяси өмірдің маңызды бағыттары мен ілімдері де жеткілікті болатын. Оларға XIX - ғасырдың орта тұсында пайда болған дәстүрлі-консервативті шаманизм бағытын, XIX - ғасырдың аяғында діни-реформаторлық жадидизмді, Ресейдің мұсылман халықтары арасындағы панисламизм мен пантюркизм ілімдерін жатқызуға болады.

Төртіншіден, Қазақстандағы ағартушылық ойдың қалыптасуына XIX -ғасырдың 40-60 жылдарындағы орыс ағартушыларының, әсіресе, революциялық демократизмнің ықпалы қатты әсер етті. Революциялық демократизмді практикалық іс-әрекетке жетекші етіп, идеялық бағдарға ала отырса да, нақты тарихи жағдайда қазақтың екіжақты – әлеуметтік және ұлттық қанаушылық пен жалпы аймақтық артта қалушылық себептеріне байланысты қазақтың ойшыл-демократтары тұтас алғанда типтік ағартушылық позицияны ұстанды.

Бесіншіден, қазақтың ойшыл-демократтары ағартушылық позицияда қалғанымен, аңсаған қоғамды төңкеріс жолымен орнату әдістерін де қарастырған. Әйтсе де барлығы еркін, азат қоғам құрудың бейбіт жолын таңдады: жоғарғылардың реформасы көмегімен немесе «әділ», «таза» білім мен басқару және ағарту, ғылым-білім арқылы қазақтың көзін ашып, көңілін оятып, өздерін-өздеріне танытып, ескіліктен, езгіден арылтпақ болды.

Алтыншыдан, «артта қалушылық» және дәстүршілдік ұғымдары жалпы Шығыс мәдениетінің мәңгі-бақи арылмайтын атрибуттары деген сияқты абстрактілі және табиғатынан ғылымға, тарихи объективтілікке сай келмейтін тұжырымдама, бірінғай, іштей біркелкі Шығыс феноменін түбегейлі айырмашылығы бар Батыс феноменін мойындау, екіншіден, «тоқырау», «артта қалу» құбылыстарын метафизикалық абсолюттендіру оларды тек Шығысқа имманентті деген түсінікке негізделген.

Жетіншіден, қазақ ағартушы-демократтарына қоғамдық прогресс жолындағы күресті француз немесе орыс ағартушылары сияқты феодализмнің немесе крепостнойлық тәртіптің ыдырауы жағдайында емес, үзілмей жалғасып келе жатқан патриархалды-феодалдық қатынас үстемдігі кезеңінде жүргізуге тура келді (Ғабитов Т. Философия. «Раритет» баспасы, Алматы-2004ж. /Ағартушылар философиясы. 125-128 беттер).

Қалай дегенмен де, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің заманында өмір сүріп, қазақ үшін күрескен азаматтарымыз болашақта да келешек ұрпақты тәрбиелеуде мәңгі жасай берері сөзсіз.

*Бірмағамбет ТОТИН,
«Қостанай колледжі» мекемесі,
қоғамдық пәндердің оқытушысы.*

Ауылым қылбат маған



Дипломды құшақтап, ауылға аттандым. Демалуға. «Төрт жыл тер төктім ғой». Сол кездегі арман-мақсатым тым биік-тін. Өзімнен, өремнен үлкен. Хош. Мен емес, ата-анам дипломды өздері алғандай қуанды. Расында да солай. Солардың еңбегі. Сөйтіп, аяқты аспанға асып, шалынар қоңырауды тостық. Бәрі сүйтеді емес пе?! «Көкесі» барлар көп күтпеді. Ал, мен уақытты умаждадым. Сағаттар сырғып, күндер кетті. Дипломның қызуы басылды. Құны қашты.

Жалқаулық – жанымның серігі. Жасырып қайтем оны? Бірде әкем: «Әкеңнің... қора сыла!» — деп, айқайды салды. Күн шыжып тұр. Жұмысқа «жілөнім жыбырламады». Сол істі сылтаумен бірнеше күнге создым. Бірақ, қора керек. Сылау керек. Өйтпесен, қабырғасы опырылып кетуі мүмкін.

Өзімнен құлшыныс болмағасын әкем тағы да айқайға басты. Сондағы сөзі мынау: «Бұл қора – сені оқытқан қора. Қарындасың мен ініңді де оқытып жатыр. Бұл құласа – құрыдың. Оттамай, лай ез!». Шындық қой. Осы қорада әкем екеуіміз тер төктік. Тізімде інім де бар. Бұл қораның есігінен түліктер емес, теңгелер шықты. Күш-қуатыңды саласың, ақшанды аласың. Түсіндім, ыждаһаттылықпен сылады. Қазір шүкіршілік етемін. Жұмысым, табысым бар. Ата-анамның арқасы. Тура тоғыз күннен соң кезекті еңбек демалысына тағы шығамын, бұйыртса. Ауылға барамын. Әке-шешемнің амандығын біліп, мауқымды басқасын сүйікті ісіме кірісемін. Қорамды сылаймын. Жо-жоқ, сыламаймын-ау, сазбен сипаймын.

Азамат НҰҒЫМАНОВ,
«Қазақстан» ұлттық арнасының тілшісі,
ҚМУ-дың түлегі.

МҰСТАФА ШОҚАЙ ХАТТАРЫ – ҚҰБДЫ ДЕРЕЖ

Түркі халықтарының азаттық үшін арпалысының мән-мағынасын, өткені мен келешегін айқындауда Мұстафа Шоқайдың алатын орны ерекше. Кеңес Одағының құрамындағы тәуелсіздігі жолында өмірін сарп еткен тұлғаның соңында қайраткерлігі мен еұламалығына, мәмілегерлігі мен шешендігіне, дүнетанымы мен идеялық мақсат-мұраттарына, адамгершілік биік қасиеттеріне тірі куә іспеттес аса құнды шығармашылық мұрасы қалды.

М.Шоқайдың 1922-1941 жылдары аралығында жинақтаған жазбалары мен кітаптарын жұбайы Мария Яковлевна 1953 жылы қазіргі «Жаңа Сорбонна – Париж III» университетінің Шығыс тілдері мен өркениеттері институтының университетаралық кітапханасына тапсырады. Шығыс тілдері мен өркениеттері институтының кітапханасында М. Шоқайдың 250-ге тарта кітаптары мен түрлі жазбалары тапсырылған. Оларды Э. Лаззерини 1977 жылы реттестіріп, жіктейді. Мұстафа Шоқай мұрасының құнды бөлігі 10 қорапқа салынып, әрбір қораптағы материалдар тақырыбына орай бірнеше папкаларға бөлінеді. Алайда қораптағы сан реті ондағы материалдардың хронологиясымен сәйкес келе бермейді.

Мұрағаттың маңызды бөлігі корреспонденциялар болып есептеледі. М.Шоқайдың жеке мұрағаттық қорынан алынған хаттар шоқайтануға берері мол дүние екендігін ерекше атаған жөн. М. Шоқайдың хаттары оның жалғыз қазақ халқы емес, бүкіл түрік халықтарының көрнекті қайраткері екендігіне көз жеткізеді, өмірі мен қызметінің бұрын биылғұм жақтарын аша түседі.

Түркістанда орнаған кеңестік биліктің отаршыл сипатын тани білген, ғұмырын олармен ымырасыз күреске арнаған саяси эмигрант, қоғам және мемлекет қайраткері М. Шоқайдың мұрағаты терең талдауды қажет ететін, өзіндік ерекшелігі мол дереккөзі. Әсіресе, Еуропадағы Мұстафа Шоқайдың мұраттас, серіктес достарымен жазысқан хаттары Қазақстан мен Орта Азия тарихын зерттеудегі дереккөз болып табылады. Бұл құжаттар

қазақ қайраткерлерінің эмиграциядағы саяси қызметі туралы мол мағлұмат береді, бірақ осы уақытқа дейін ғылыми айналымға енген. Хаттардың басым көпшілігі М. Шоқай атына жазылған. Мұстафа Шоқай мұрағатында оған келген хаттардың түпнұсқалары, ал М.Шоқай жазған хаттардың төлнұсқа даналары сақталған. Мұстафа Шоқай өз жазбаларында хаттар мен мақалаларды екі дана етіп бастынын, екінші данасын өзінде сақтайтындығы жөнінде айтады.

Хаттарының арасынан ерекше назар аудартатыны – 1941 жылдың қазан айында М. Шоқайдың аса құпия түрде В. Каюм-ханға Германиядан жазған хаты. Аса құпия түрде жазылған хатта «Құрметті Вали, бұл жолдарды тек өзіңізге ғана арнап жазып отырмын, мұны өте құпия ұстауыңызды өтінемін. Қандай жағдайда да мұнда айтылғандардың бәрі аса құпия қалпында қалуы керек», - деп жазады. Бұл хатта неміс лагерьлеріндегі түркістандықтардың өлім мен өмір арасындағы қайғылы жағдайы, лагерь әкімшіліктерінің оларға көрсетіп отырған зорлық-зомбылықтары жөнінде баяндайды.

Кеңес үкіметінің Орта Азияға, соның ішінде Түркістан өлкесіне жүргізіп отырған саясатын жария ету үшін М. Шоқай батыс елдерінің қоғам қайраткерлерімен байланыс орната бастайды. Байланыс орнату арқылы Кеңес үкіметіне қарсы күресінде одақтас іздеу болатын. М. Шоқайды батыс жұртшылығы Кеңес үкіметінің саясатын білу үшін баяндама жасауға шақыртулар жібереді. 1933 жылы 13 наурызда «Royal Central Asian» қоғамынан шақырту хаты келеді. «Ең қолайлы күн 29 наурыз, бірақ Сізге қай күн ыңғайлы болады, сол күнге ауыстырамыз. Орталық Азия туралы біздермен әңгіме өткізсеңіз», - деп қоғам хатшысы М. Н. Кеннеди өз өтінішін білдіреді. Осы хат негізінде М. Шоқай 29 наурызда «Корольдік Азия қоғамында «Түркістан большевиктік диктатураның 15 жылғы билігінен кейін» деген баяндама жасауға уағдаласады.

М. Шоқайға мақалалар жазуға арнайы ұсыныстар түсіп отырған. Ұсыныстарды көп жағдайда батыс жұртшылығы жасайтын. Батыс жұртшылығын қызықтырған Кеңес үкіметінің

Орта Азиядағы саясаты еді. Калифорнияда орналасқан Стэнфорд университетінен 1937 жылдың 24 наурызында Мұстафа Шоқайға хат жазады. «жазғандарыңыздың сыйақысына келсек, біз бұнда әрбір басылған бетке 5 цент төлейміз. Қайта басылған материалдарды қарау және редакциялау да шығындарды қажет етеді, оған 15 доллар қаржы бөлеміз», - деп өз шарттарын көрсетеді. М. Шоқайдың осындай ұсыныстардан ұтар тұстары көп. Ең маңыздысы, Кеңес үкіметінің Орта Азиядағы саясаты, соның ішінде Түркістан мәселесінің халықаралық деңгейге көтерілуіне себепкер болады.

Мұстафа Шоқай Кеңес Одағындағы мұсылман халықтары жөнінде жүргізіліп отырған этноцидтік, геноцидтік саясатты әшкерелеп, Батыс елдерінде қоғамдық пікір туғызуға тырысты. В. Гаврилов Мұстафа Шоқайға 1934 жылы 8 қаңтарда хат жазады. Хатта «Біз Құбылай ханның тікелей ұрпағы полковник Тутоломинин екеуміз Түркістан өмірін жақыннан білгіміз келеді, іс жүзінде білу үшін әдебиеті туралы мәлімет беруді Сізден өтінеміз», - деп жазады. Бұл хатта Бельгия мемлекетінен жолданған. Себебі, хаттағы «Біз Бельгияда тұрамыз», - деген жолдар дәлел бола алады.

М. Шоқайдың «Кеңестер қоластындағы Түркістан» атты кітабын әлемнің көптеген саясаткерлері сұратқан. Гайдар Баммат 1935 жылы 10 желтоқсанда М. Шоқайға хат жолдайды. Г. Баммат – құмық, солтүстік кавказдық саясаткер. Автор өзінің хатында «аса ықыласпен оқып шығатын кітап екен. Бұл үшін және ондағы достық ниетте жазылған авторлық қолтаңбаңыз үшін шын жүректен алғысымды білдіремін», - деп өз ризашылығын білдіреді. Ж. Кастаньеде де осындай мәтінде 1935 жылы 13 желтоқсанда Мұстафа Шоқайға «Сіздің «Le Turkestan sous le pouvoir des Soviets» атты кітабыңызды қолтаңбаңызбен алып, зор ықыласпен алып шықтым», - деп терең сезімге бөленгендігі



жөнінде хат жазады.

Хаттарды оқи отырып, М. Шоқайдың жоғары мәдениет иесі, жан дүниесі таза гуманист кеендігін, оған қандай да болсын пендешілік қасиеттердің жаттығын ерекше атау лазым. Ол отаршылдыққа, бір халықтың екінші халыққа үстемдік жүргізуіне бүкіл болмысымен, қалам қауытымен, жан-жүрегімен қарсы күресті. Мұндай адам фашистік идеологияға бүйрегі бұрды деудің ешбір қисын да, негізі де жоқ.

Қуаныш БЕКТҰРҒАНОВ,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық
институты тарих мамандығының
4-курс студенті.

Диана Қазкеева : «Әкешім - мақтанышым»



шықты ма? Қатысушылар қалай?

- «Мисс ҚМУ-2016» менің өмірімдегі ең маңызды сәттердің бірі болғанын жасырмаймын. Негізі бала кезімнен осындай байқауларға қатысқым келетін. Теледидардан «Қазақ Аруы» байқауын көріп, мен де осындай байқауға қатыссам деп армандаған кездерім болды. Жоғарғы оқу орнына түскенде бұл байқауға қалай да болса қатысам деп шештім. Жалпы кастинг болып жатқанын достарымнан естідім. Содан бойымдағы бар күш-жігерімді жинап іріктеу өтіп жатқан жерге бардым. Негізі сол жаққа бара жатқанда менің жеңіске жетуге мүмкіндігім барына сенімді болдым. Байқауға қатысам деушілер өте көп болды. Мен сол жерде тұрып-ақ «Мынадай қыздың арасынан үздіктердің қатарына іліге аламын ба?»

деп қобалжығаным да болды. Іріктеу комиссиясының алдына шыққанда бойымда бір сенімділік пайда болды. Негізі, байқауға қатысудың өзі үлкен еңбек.

Сайысқа қатысушы қыздар бірінен соң бірі өнерлерін көрсетіп жатты. Менің кезегім келгенде асықпай, байыппен сахнаға шығып, қолымнан келетін өнерді көрсетіп, берілген тапсырмаларды орындап шықтым.

- Жеңімпазды марапаттау сәтінде қандай сезімде болдыңыз?

- Сол сәттегі ішкі көңіл күйімді, толқынысымды сөзбен суреттеп беру мүмкін емес. Қобалжу да, қорқыныш та, толқу да болды. Жеке аталымдар бойынша әрбір қатысушыны марапаттап жатты. Маған «Мисс Стиль» номинациясы бұйырды. Оның өзі үлкен қуаныш. Дегенмен, кімнің жеңімпаз болатынын бәріміз асыға күттік. Байқаудың жүргізушісі бас жүлде иегерін атап жатыр. Өне бойымнан бір толқын жүріп өтіп, толқығаннан жүрегімнің дүрсілі жиілей түсті. Менің атымды атағанда қуаныштан тіпті жылап жібердім. Барлық достарым, жақындарым мені құттықтап жатқанда не болғанын түсінбей қалдым. Байқаудың бастан аяғына дейін жанымда болып, маған демеу білдірген факультетімнің тәрбие ісі жөніндегі деканның орынбасары Альмира Серікбайқызына алғысымды білдіргім келеді. Факультетімнің бір үйдің баласындай тату болып маған көмектескенінің арқасында жеңіске жеттім.

- Сұлулық байқауының жеңімпазы атанғысы келетін жастарға не айтасыз?

- Ең алдымен сенімділік, батылдық қажет. Себебі, сахнаға шығып, өнер көрсету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Содан соң шығармашылықпен айналысу керек. Кез келген адам сегіз қырлы, бір сырлы болса ұтары анық.

**Сұхбаттасқан Әсел АХАН,
ГӘФ журналистика мамандығының
3-курс студенті.**

Суретте: байқаудың қатысушылары.

Оқу ордасының ең сұлу аруы атану кез келген қыздың арманы екені шындық. Жуырда университетімізде «Мисс ҚМУ-2016» байқауы өтті. Оқу орны қабырғасындағы жастар басқармаларын дамыту орталығы ұйымдастырған сайыстың жеңімпазы - Диана Қазкеева. Бүгінгі сұхбатымызда байқаудың бас жүлде иегерін таныстыратын боламыз.

- Университетіміздің ең сұлу қызы қай жерден болады?

- Мен Солтүстік Қазақстан облысы, Новошимка ауылында туып өстім. Бала кезімде сурет салғанды қатты ұнататын едім. Өнер мектебі ашылған бойда сурет класына бардым. 7-сыныпта оқып жүргенімде би класының жұмыс істейтінін білдім. Баруға бел будым. Би үйірмесіне бір емес екі рет бардым. Әр барған сайын «топта балалар жеткілікті» деп мені қайтарып жіберетін. Сол себептен жолым болмай біраз жүрдім. Кері қайтатын мен мен жоқ. Алған бетімнен қайтпай, тағы да бардым. Үйірме жетекшісі менің қайсарлығымды бағалап, мүмкіндік берді. Осылайша барымды салып қолымнан келгенді көрсеттім. Сол сәтте өзім риза болдым. Хореографиялық дайындығым болмаса да, жақсы өнер көрсеттім.

- Отбасыңыз туралы бірер сөз.

- Отбасында әкем, анам, інім және мен. Інім менен 5 жас кіші. Қазір 8-сыныпта оқиды. Ата-анамды құрметтеп, ерекше сыйлаймын. Бар сырымды сол кісілерге айтамын, ақыл-кеңестерін тыңдаймын. Әкем мен анам маған кез келген уақытта қолдау білдіреді. Анам - менің ең жақын құрбым. Ал әкем менің мақтанышым. Олар мені өте жақсы түсінеді. Тіпті мектепте екі алған сәттерімде анам кішкене қаталдау болса, әкем мені жұбатады, сенім артады. «Мисс ҚМУ-2016» байқауына дайындық барысында да ата-анам маған көп көмектесті. Қобалжыған сәттерімде демеу болды. Оларға айтар алғысым шексіз. Мен есейіп кетсем де ата-анам үшін әлі баламын.

- Байқау барысына тоқталсаңыз, көңіліңізден

Кесір қоғам

Өзім жас болсам да, дәл бүгінгі таңдағы жастардың мәселесі мені қатты алаңдатады. Ауылдық жерде көп байқала бермейді, қала жаққа шыға қалсақ небір жастардың дұрыс жолдан ауытқығанын көріп жағамызды ұстаймыз, әрине, ауылдан барған біздерге ол дегенің жат қылық, жат тәрбие. Сонымен қатар еліктегіш жастарымыз көбейіп кетті. Батыстың басымдығы айқын байқалады. Өзгенің «қаңсығын» «таңсық» қылу бүгінгі жастардың қанына сіңген үрдіс. «Үркіін деген жылқыға, қиқу салсаң не жорық» деп бекер айтпаған, сірә. Сәл көпшік қойсаң болды, аласұра, есерлене бос қиқуға ере жөнелетін жастар баршылық. Қазақшадан гөрі орысша сөйлегенді мақтан көріп екеуін шатып, тілдерін шұбарлап сөйлеу сән тәрізді. Даңғырлаған әуенді тамсана тыңдап, жырттық-жырттық киім киіп алатын қыздар мен жабыстырып шалбар киетін ұлдар бар. Осыларды істеп жүргендердің сыртынан қарап бір дүбәра дерсің. Соның кесірінен бе, еліміздегі қаншама жастар небір келеңсіздіктерге ұшырап қалып жатыр. Көпке топырақ шашудан аулақпын, дегенмен ақты ақ, қараны қара деп айту керек. Көретін көз, еститін құлақ болғанан кейін әр жәйтті шалып жүреміз, әкелеріміздің айтып отыратын әңгімелеріне назар салатын болсақ бұрынғыдай темірдей тәртіп, шынайы тәрбие жоқ. Бүгінгі күні жас отбасылардың саны көбейді. Ол бір жағынан қуантады, екінші жағынан өздері тәрбиенің қайнарына жетік бойламаған соң балаларына да жетік тәрбие бере алмайды. Бүгінгі таңда түрлі жиын, не болмаса ас бергенде, құдайы тамақтарда бата бере алмайтын қариялар бар. Бата бер десең тілек айтып арт жағын «сол үшін» деп әумин қыла салады. Былай шығып қыз-қырқынға көз салып, қутындап кетіп бара жатқан талай шалды көзіміз шалған. Сонымен қатар баласына ауызбен ақыл айтқанда сайрайтын, іс-жүзіне келгенде дәрменсіз ата-аналар бар, оны жоққа шығара алмаймыз. Ішімдік ішіп отырып ықылық атып, қасына баласын шақырып алып, балам сен ішпе дейді, бұл не тәрбие сонда, арақпен арпалысқан аналар қызының абыройынан айырылуларына басты себепші өздері болады. Қоғамымызда кәмелет жасына жетпей аяғы ауыр болып қалып жатқан біріміздің тәтеміз, біріміздің қарындастарымыз бар. Күні кеше құрсағын жарып шыққан сәбиін әжетханаға тастап



кеткен аналарды қалай ғана жер көтеріп жүр десеңші. Ол жағдайға тек біржақты қарауға балмайды. Жігіттердің оңып тұрғаны шамалы. Айтарым, біреуге қиянат жасамас бұрын сол қыздың орнына өзінің тәтесін, өзінің қарындасын қойып қараса мұндай жағдайлар болмас еді. Жастардың осындай небір адам төзгісіз азғындықтарға баруына жоғарыда келтірген мысалдарым дәлел. Бауыржан атам айтқандай «Тәртіпке бағынған құл болмайды». Бұл сөздің жаны бар. Темірдей тәртіп болған жерде еш ұятты жағдайлар болмайтыны анық. Бұл заман қарап отырсаңыз телефонның заманы болды да қалды. Еңбектеген баладан, еңкейген шалға дейін бір-бір «смартфон» ұстайды. Небір интернет желілеріне қосылып алады дағы алтындай уақытын босқа жібереді. Ол дегеніміз «тәуелділік» болып саналады. Әр минут сайын мен бүйтіп жатырмын, мен сөйтіп жатырмын деп есеп береді де отырады.

Қазір адам баласының санасын ақпаратпен жаулап жатыр. Интернет желісімен түрлі хабарлар таратып, ел ішіне бүлік салу қаупі бар. Баласының телефоннан не қарап отырғанында ата-ананың шаруаса жоқ. «Ел боламын десең, бесігінді түзе». Қаршадайынан балаға ақ пен қараны, адал бен арамды үйретіп отырса бәледен аулап болар едік. Жастарымыздың жүрегіне елім, жерім деген имандылық ұяласа, келешекте Қазақстан Мәңгілік Ел болатынына сенемін.

Сералы РАМАНҰЛЫ,
ГӘФ журналистика мамандығының 2-курс
студенті.

«Серпіндіктер» әзіл айтты

А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-да студенттер арасында Жайдарман ойындары өтті. Сайыс қатысушыларының арасында «Серпін-2050» мемлекеттік бағдарламасы бойынша білім алып жатқан оңтүстіктің жастары да болды.

Аталған оқу орнында Жайдарман ойындарының сайысы соңғы жылдары сәл саябырлап қалған болатын. Соған қарамастан қазақ тілінде әзіл айтатын жастардың қатары азайған жоқ. Бұл жолғы жарыстың өзіндік ерекшелігі болды. Қостанайлық жайдарманшылардың қатарына оңтүстік өңірдің жастары қосылды. Олардың әзілдері әралуандығымен тартымды. Әсіресе, 1-курстың студенттері айтқан әзілдер шынайылығымен есте қалды. «ҚызылордаШ», «Ізбасар», «АБФ құрамасы» сияқты командалардың сахнадағы өнері әсерлі болды.

Оңтүстік аймақтан келген студенттер ата-аналарың туған ауылдарын сағынғандарын және Қостанай тұрғындарының көбісі орыс тілінде сөйлейтіндерін әзілге арқау етті. Тыңдап отырып күлесіз. Себебі, қызыққа толы студенттік кез есіңізге түседі. Әсіресе, 1-курс-



тағы балалық, шалалық әркімнің есінде бар шығар.

- Қазақ халқы сөзді ерекше қадірлеген. Көрерменге мағыналы да мәнді әзіл керек. Талабы мол талантты жастарымыз Жайдарманның жоғары лига ойындарында Қостанайдың атын шығара берсің-деді университеттің бірінші проректоры Орынбай Тағаев.



Мұқатовтың сөзін білесіз бе?

Әр адам өзінің сөйлеу стилімен, киім киісімен, жүріс-тұрысымен, өзге де қасиеттерімен ерекшеленіп, басқалардан дараланып тұрады.

Университет қабырғасында жүргенімізге, міне, екі жыл болып қалыпты. Алдымызға түрлі оқытушылар келді. Барлығының өздерінің ерекше бір өзіндік сабақ беру әдістері бар. Оның барлығы біздің есімізде сақталды. Бірақ, әр шәкіртке өзіне ерекше ұнайтын ұстазы болады. Мен ерекше үлгі тұтатын оқытушымның бірі Нағашыбай Мұқатов. Біздің ағай басқалардан өзінің сөйлеу стилімен ерекшеленеді және дараланады. Себебі Мұқатов журналистика саласында қырық жылдан астам қызмет істеген кісі. Сол себепті бізбен теория жағынан гөрі, өмірден алған тәжірибелерімен бөліседі. Біз ағайдың айтқандарын өзімізше қорытып, керек кездерде қолданамыз.

Нағашыбай Мұқатов кім? Ол – ақын, журналист, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің оқытушысы. Ақын ағамыз шебер сөйлеп, сөзді өз орнымен дәл уақытында қолдана біледі. Ағайдың осы қасиетін біз үлгі тұтамыз. Себебі, Нағашыбай ағай үнемі сөзден жеңілген емес. Ол кісінің темекі шегетін қыздарға айтқан бір жақсы сөзі бар «Қаракөз-парабоз» деген. Бұл ағайдың тапқырлығын, сөзге деген шеберлігін дәлелдейді. Жаза



берсең қалам емес, қағаз таусылар. Менің есімде қалған ағайдың тағы бір тапқыр сөзі - «Мен қалай дедім? Мен сонда былай дедім!» болатын. Бұл сөзді ағай әңгімесін бастар алдында жиі айтады. Бізге «Тыңдаңдар, мен сендерге бастан кешкен оқиғамды айтып берейін» деп әңгімесін бастайды. Кейін «мен қалай дедім? Мен сонда былай дедім! Қалай менікі дұрыс па» деп, әңгімесін аяқтайды. Осы бір сөзді Мұқатовтың мақалы дерсіз. Біздің есімізде де ерекше жатталып қалды. Ағайдың әр айтқан сөздерін өмірде қолданамыз. Бірақ мені мақала жазуға итермелеген осы сөзін өз басым жиі айтып жүремін. Ағайым сөзін өмірде қолданып жүргенім үшін маған ренжімейді деген үміттемін.

Нағашыбай Мұқатов басқалардан өзінің сөзімен ерекше. Бұл менің пікірім.

«Мен қалай дедім? Мен сонда былай дедім!». Бұл - Мұқатовтың сөзі.

Алмагүл ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
ГӘФ журналистика мамандығының
2-курс студенті

«Қазақ елі» - көп сериялы фильм

онда біздің облыстан шыққан жас актер Нияз Шайсұлтанов та ойнайды



Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қазақ хандығының 550 жылдығына орай «Қазақ елі» көпсериялы фильмі түсірілген болатын. Қазақ мемлекеттінің құрылу тарихын баяндайтын фильмде 23 жастағы қостанайлық актер Нияз Шайсұлтанов та ойнайды.

Он бөлімнен тұратын фильм Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының желісімен түсірілді. Онда XV ғасырдағы қазақ даласындағы оқиғалар, Керей мен Жәнібектің Әбілқайырдан бөлініп шығуы, Қазақ хандығы негізінің қалануы туралы баяндалады. Түсірілім жұмыстары Алматы облысының маңында және Қытайда жүргізілген. Фильмнің режиссері - Рүстем Әбдіраш.

Аталған фильмге түскен жас актер Нияз Шайсұлтанов астықты аймақтың тумасы. Қостанай қаласындағы №9 мектепті бітірген. Мектепті аяқтаған соң ҚМПИ-дың ағылшын тілі бойынша филиология мамандығына оқуға түседі. Бірақ «актер болсам» деген арманы алға қарай жетелеп, оқуын аяқтамастан Алматыға кете барады. Жиырмаға жаңа толған жасқа Алматыдан жұмыс табыла қоймады. Оңтүстік астанада кастинг-байқауларды іздеп жүріп, қатысты. Байқауларда бағын сынап, білмегенін үйренді. Ең алғаш эстрада әншісі Динара Кемелханның «Менің қазағым» атты әнінің бейнебаянына түсуге мүмкіндік алды. «Мо-нах», «Проводники» сияқты қысқаметражды филь-

мдерге және «Городские легенды» сериялына түсті. Сондай-ақ «Адель» фильмінде жас пионистің ролінде ойнады. Ізденісі мен талпынысының арқасында кино саласындағы мамандардың көзіне түсіп, режиссердің көмекшісі болып жұмысқа тұрады. Нияздың арманы адастырмады, еңбегі де еш кетпеді. Бүгінде ол «Қазақ елі» тарихи фильмінде өзіне берілген рольді шеберлікпен ойнап шықты. Фильмде жас актер Шайбани ханның немересінің ролін сомдады.

- Бұл туындыда жағымсыз кейіпкерді сомдаймын. Шах Мұхаммед ерке өскен, тақ құмар жан. Тарихи тұлғаларды сомдау дегеніміз адамға үлкен жауапкершілік жүктейді. Сондықтан мұқият дайындалып, барымды салдым,-дейді актер Нияз Шайсұлтанов.


Нияздың кино саласында кәсіби білімі жоқ. Ол бар білімді кітаптан алады. Болашақта шетелдік жоғары оқу орнында оқығысы келеді. Биылғы жоба аяқталған соң АҚШ-та білім алсам деген ойы бар.

- Бір таудың басына шықсаң, екіншісін көресің. Мендегі арман да солай. Таңдаған бағытым да ізденістен тұрады. Сондықтан АҚШ-та білім алып, Қазақстанның кино индустриясына үлес қосқым келеді. Қостанайдың астығы, табиғаты, еңбек ерлері туралы кино түсіргім келеді,-дейді Нияз Шайсұлтанов.

Нияз Шайсұлтановтың қадамына қарап отырып «Талпынға жетер мұратқа» деген халық даналығы еріксіз ойға түседі. Жас актердің Қостанай туралы айтқан ойлары да көңіл қуантады. Туған өлкеміздің бидайы, көркем табиғаты, тарихи тұлғалары талай туындыға арқау боларлық тақырыптар емес пе?!

Қымбат ДОСЖАНОВА
Суретте: қостанайлық актер
Нияз Шайсұлтанов;
Сурет кейіпкердің жеке
мұрағатынан алынды.

Бейтаныс Жан



деді. Мен айналаға қарап шынымен де екеуімізден басқа тірі жан жоқ екендігіне көз жеткіздім. Бірақ, осындай уақытта, бұл жерде не істеп жүргенімді әлі түсіне алар емеспін. Арадағы үнсіздікті тағы да бейтаныс тірілтендей.

- Адамдар жан атыңыз кім болады?,-деп тағы бірнеше сұрақ қойды. «Түрі жылыдан түңілме». Жылы-жылы сөйлеген бейтанысқа бауыр басайын дедім бе, әлде, сырласатын адамның табылғанына қуанғаным ба, бейтаныспен әңгімеміз жарасып кетті. Осылайша екеуіміз әңгімелесіп, көше бойымен бірге жүріп келеміз.

«Абай» көшесі артта қалды, алдымыздан Пушкин көшесі қарсы алды. Енді бір аялдамадан кейін менің үйім. Бұрыннан таныс адам сияқты әңгімеге кәдімгідей беріліп кетіппіз. Өзілге жақын жігіт екен. Жол бойы менің ішімді пыстырмай көп өзіл айтты. Ал, мен оның

әңгімесін тыңдаудан жалығар емеспін.

Менің үйімнің жанына келдік. Ол әлі әңгіме айтып тұр, мен одан көзімді тайдыра алар емеспін. Ішімнен ғашық болып қалдым ба?, - деп өз-өзіме сұрақ қойып тұрмын. Бір көргеннен ғашық болу осы шығар-ау деп қоямын. Осындай сансыз сауалдармен арпалысып тұрғанымда әлгі бейтаныс жігіт:

-Мен енді үйге қарай жүрейін. Сау болыңыз!,-деді де маған қарап жымиды. Мен де амалсыз қоштастым. Үйге кіре бергенімде әлгі жігіттің атын сұрамағаным есіме түсті. Артыма бұрылып қарасам ол менің үйге кіріп кеткенімді бақылап тұр екен.

-Кешіріңіз, есіміңіз кім болады?,-дедім. Ол естімеген кейіп танытып маған қарап тұра берді. Мен тағы сұрадым. Бейтаныс есімін айта бергенде сағат шырылдап ұйқымнан оятып жіберді. Көзімді ашсам төсекте жатыр екенмін. Әлгі жігіттің атын білгім келіп көзімді қатты жұмып көрпе астына кіріп қайта жаттым. Онымнан ештеңе шықпады. Тәтті түсімнің шырқын бұзған сағатыма сол сүні қатты ашуландым. Бірақ, барлығы түс екенін ұқтым. Бұл мен үшін ең тәтті түс болатын. Сол күннен бастап бейтаныс жанның есімін білу үшін күнде ұйықтар алдында түс көрсем деп тілейтін болдым. Бәлкім, тәтті түсті қайта көріп, бейтаныспен тағы да жолығармын...

**Алмагүл ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
ГӘФ журналистика мамандығының
2-курс студенті.**

Кеш батты. Қараңғы түскен сайын аспандағы жұлдыздардың қатары көбейе бастады. Жымыңдаған жұлдыздар бір-бірінен асып түскісі келетіндей жалт-жұлт етеді. Қас қарайғанша жападан жалғыз не істеп жүргенімді өзім де білмеймін.

«Абай» даңғылы қаладағы ең ұзын көшелердің бірі. Мен сол жолмен келе жатырмын. Бейне бір жоқ іздеген адамдай жан-жағыма қарап қоямын. Бірақ менен басқа тірі жан көрінбейді. Көшедегі шамдардың барлығы жарқырап тұр. Күндізгідей әрлі-берлі жүретін көліктерде жоқ. Айнала тып-тыныш. Қандай рахат. Көшенің бітуіне жақын қалды. Мен әлі келе жатырмын, қайда бара жатқаным белгісіз. Әйтеуір, алға қарай жүріп келемін. Келесі көшенің бұрылысына жақындай бергенімде, аялдамада бойы ұзын, шашы бұйра, қыр мұрынды, көзі көкшіл, үстіне қара жемпір, көк шалбар киген жігітті көрдім. Іздеп жүрген жоғымды тапқандай қуанып кеттім. Бірақ мен оны бұрын соңды көргенім жоқ. Тіпті оны танымаймын да. Екеуіміз бір-бірімізге қарап қалыппыз. Бейтаныстың көзінің өткірлігі сондай өңменімнен өтіп барады. Қарсы қарап тұруға одан әрі шыдай алмадым.

- Осындай уақытта қыз баланың жалғыз жүргені қалай?,-деп маған әлі тесіле қарап тұрды. Аяқ-қолым дірілдеп, жүрегім дүрсілдеп не айтарымды білмей қалдым. Сол екі арада мен де сұраққа сұрақпен жауап бердім.

- Маған айтып тұрсызба? Даусымның дірілдеп шыққанына әлгі жігіт күліп жіберді.

- Қарындас егер жан-жағыңызға зер салып қарар болсаңыз екеуімізден басқа адам жоқтығын байқайсыз. Демек, мен бұл сұрақты сізге қойдым,-

Қызбел суреттері




Суретке түсіру біреулер үшін өнер, енді біреулер үшін табыс көзі немесе кәсіп түрі. Кейбіреулердің сүйікті ісіне айналғаны да шындық. Университетіміздегі журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының студенттеріне фотожурналистика сабағынан дәріс оқытылады. Журналистика мамандығының 3-курс студенті Жанболат Кенжеғұлдың сабақ барысында түсірген суреттерін назарларыңызға ұсынып отырмыз. Жанболат бұл жолға топтамасын «Қызбел суреттер» деп атапты.

Жанболаттың ерекше сәттерді және табиғатты



суретке түсіруге деген қызығушылығының оянуына нағашысы Серік Баймырза себепкер болған. Бала шәкірт 11-сыныпта оқып жүргенде нағашысы «оқу бітіру құрметіне» деп Fujifilm маркалы сандық фотоаппаратты сыйға тартады. Сол құралдың арқасында суретке түсіруге машықтана бастайды.

- Өз бетімше түсіру тәсілдерін де меңгеріп алған едім. Фотоға түсіру қабілетімнің арқасында табыс көзін табуыма да мүмкіндіктер болып тұрады. Ал қазіргі таңда ерекше құбылыстарды суретке түсіріп, фотоэтюдтер жасауға тыры-



сып көрудемін. Бұл өнерді хобби санауға да, бір жағынан кәсіп көзі ретінде де қарастыруға да болатын сияқты. Болашақта сапалы фотоаппарат сатып алып, тәжірибелі мамандардан ақыл-кеңес сұрау арқылы үйреніп, талпыныс жасайтын боламын. Менің ойымша, фотоөнер зор фантазия мен тәжірибені талап етеді. Сол себептен өзімді осы бағытта сынап көргім келеді. Осы мақсаттағы алғашқы суреттерімді жерлес ақын Ғафу Қайырбековтың балладасындағы «Қызбел суреттері» тақырыбымен ұсынғанды жөн көрдім. Бұл суреттер менің «алғашқы қарлығаштарым». Мүмкін, суретке түсіру сіздерге де ұнап қалар, - дейді Жанболат Кенжеғұл.

Тарихи суреттер



Академик Тұрсынбек Кәкішев (ортада) және Қостанай облысының делегациясы Қызылорда облысындағы Марал ишан мазары басында.

Ана тілің – арың бұл Тілегі бір жастар



Қостанай қаласында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Тілі бірдің-тілегі бір» атты облыстық жастар форумы өтті.

Форум жұмысына облыстың қалалары мен аудандарынан келген жастар, студенттер, мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, этномәдени бірлестіктердің өкілдері,

«Тілдарын» жастар клубының мүшелері, республикалық және облыстық байқаулардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері қатысты. Мемлекеттік тілді көпшілікке таныту және үштілділік мемлекеттік саясатын түсіндіру жолында белсенді еңбегі үшін бірқатар жастар марапатталды. Атап айтқанда, «Нұр Отан» партиясы Қостанай облыстық филиалының саяси бөлім меңгерушісі Абылайхан Кәкенов, Сарыкөл ауданының Урицкий орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Юлия Зацарная, Қазақстан-Қостанай телеарнасының тақырыптық бағдарламалар бөлімінің аға редакторы Жаная Кожаметова, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің магистрі Наталья Шпагина. Марапат иелерін Қостанай облысы әкімі аппаратының басшысы Арман Әбенев құттықтап, облыс әкімінің алғыс хаттары мен естелік сыйлықтар табыстады. Бұл жастар тәуелсіздік күрдастары, 1991 жылы туғандар. Сонымен қатар кейбір жастар мемлекеттік тілді үйрену және үштұғырлы тіл саясаты туралы өз ойларын ортаға салды. А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың ветеринария және ауылшаруашылығы факультетінің 3 курс студенті Дарья Шилова облыс жастары арасында қазақ тілінің қажеттілігін арттыру туралы ой-толғанысымен бөлісті. Жастардың бәрі дәл осы Дарья Шиловадай мемлекеттік тілді құрметтесе ғой деген ой келді. Форумның соңында қатысушылар облыс жастарына арналған Үндеу қабылдады.

Бахытгүл СҮЛЕЙМЕНОВА,
Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының бөлім басшысы.
Суретте: марапат иелері.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

11000, Қостанай қаласы,
А.Байтұрсынов көшесі,
47-үй, 217 бөлме.
Медиа – студия.
Байланыс телефоны:
қалааралық
8-7142-51-11-67,

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды.
Журналдың қажетті сандарын редакциядан сатып алуға болады.

Бағасы келісімді.

«Жас өркен-Қостанай» журналына демеушілік көрсетем деушілерге мына есеп-шотымызды ұсынамыз: РМҚК «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университет»

ИИК KZ838560000000079688
РНН 391700052352,
БИН 990240005319
БИК KСJBKZKX
РНН банка 391700078345
БИН банка:980841000472
Кбе 16

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп «Қостанайполиграфия» ЖШС баспаханасында басылды.
110007, Қостанай қаласы, С.Мәуленов көшесі, 16.
Басуға 2.06.16 ж.
қол қойылды.
Көлемі 36 бет,
Офсеттік басылым.
Тапсырыс №2505
Таралымы 850 дана.
Баспахана түпнұсқасы нашар суреттердің сапасына жауап бермейді.

Журнал Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясының Орынбор, Қорған, Челябин, Омбы облыстарына тарайды

Аманкелді Үдербайұлы Иманов

Үйі – азайттық көтерілісінің сардары. 1873 жылы 3 сәуірде Қостанай облысы Қайдауыл болысының №3 ауылында дүниеге келген. Әкесі Үдербай қыпшақтың, Бегімбет руының тайпасына жатады.

Анасының есімі – Қаламтыр. Әкесі Үдербай 1879 ж. қайтыс болған. 1881 ж. Қаламтыр балаларын молдаға, медіресеге оқуға береді (4 жыл оқиды). 1886 ж. құрғақшылық болып, 1887 ж. 15 жасар Аманкелді байларға қалыңдыққа болады. 1895 ж. түткізіндалып, Токарев, Денисовтың көмегімен түрмеден босатылады. А.Иманов 1905–1907 жж. революцияға қатынасады. 1916 ж. 16 маусымда бұратана халықтардан тайданның қара жұмысына адам алу туралы патша жарлығы шықты. Көтерілістің басты себептері осы болса, 2-ші себебі әлеуметтік теңсіздік болатын. Осылайша қорлық өмір адамдарды әбден ашындырған. 1916 ж. тамыз–қыркүйек айларының арасығында А.Иманов басқарған партизан отрядтары жазалаушы отрядтарға қарсы бірнеше сәтті ұрыстар жүргізді. 1916 ж. 21 қазанда 4 мыңға жуық көтерілісші Тайыр көлінің маңында казак жүздігімен және Морзай уезінің бастығының полиция отрядымен ұрыс жүргізді.



Бұл көтерілісшілер мен жазалаушылар арасында ең ірі шайқастың бірі болатын. Көтерілісшілердің арасында қатын-тасқан үздіксіз байланыс болды. Көтерілісшілерді қару-жарақпен қамтамасыз ету үшін бірнеше ауылдарда ұстаханалар құрылды. Ұстаханаларда қару-жарақтар, оқ-дәрілер дайындалып, қымыз, найза, айбалталар соғылды. 1916 ж. 25 қазанда А.Иманов басқарған 15 мыңға жуық көтерілісші Морзай қмасын қоршауға алды. Қостанайдан Байтаққара бағытына шыққан алашқы жазалаушы отрядтардың қолын бөгеген А.Иманов басқарған Жауызым болысының 2 мың көтерілісшісі болды. 22–23 ақпанда Догал–Үрнек жазығында көтерілісшілер жазалаушыларға қарсы соңғы рет ұрыс салды. 27 ақпанда жазалаушы отряд Морзай қмасына қарай шегініп, Догал–Үрнек, Байтаққара мекенін көтерілісшілер қолына тастап шықты. 1917 ж. 8 наурызынан бастап Уақытша Үкіметтің А.Имановпен оның сарбаздары жөніндегі істі тоқтатып қуысына қарастып жергілікті үкімет өкілдері Аманкелдіні түткізіндауды талап етті. 1917 ж. шілдесінде алашордашылардың ұйымдастыруымен уақытша үкіметтің рұқсатымен болған билер соғы А.Имановты 10 жылға Сібірге айдауға кесті. Аманкелді Морзайда қаза тапты.

Қостанай облысының бұрынғы Байтаққара ауданы Аманкелді есімімен аталады. Алматыда, Қостанайда және Жамбыл ауданы орталығында оның атында көшелер бар. Алматыда батырға ескерткіш орнатылған.